

«ЕСЛИ С ИСЛАМОМ АБИШЕВЫМ СВЕРШИТСЯ НЕСПРАВЕДЛИВОСТЬ, В ОБЩЕСТВЕ МОЖЕТ ВОЗНИКНУТЬ ПРОТЕСТ...»

5-бет



«АҚ ЖОЛ» ФРАКЦИЯСЫ ДЕЛДАЛ-КОМПАНИЯЛАРДЫ ЖАБУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

4-бет



АЭС В КАЗАХСТАНЕ НЕ ПОЯВИТСЯ – ЭКСПЕРТЫ

12-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №24 (842), 24 maýsym, 2019




## ШОҚАУЫЗ

Садықбек Адамбеков өмірінің ақырғы жылдарында Оңтүстікке қоныс аударды. Арыс қаласында тұрды. Қала әкімшілігі, немере інісі, ағайын-туыс дегендей қолдарынан келгенінше қаламгерді ардақтап бақты. Денсаулығына байланысты шығармашылық іспен дендеп айналыса алмады. Рас, бір роман жазды. Сүйегі – Желтоқсан оқиғасы.

8-9 бет

# АРЫСТАҒЫ АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛМАС ПА ЕДІ?!.



2 бет

Арыста тағы да апат болды! Бұл төртінші апат! Бұрын алғашқысы 2009 жылы 18-наурызда болып еді. Бұл жолғы апаттың беті алапат! Оның ауқымы қаншалықты алапат екенін Түркістан облысы әкімі Өмірзақ Шүкеевтің «Қазір оқиғаның ауқымына баға бере отырып, қаланы толығымен эвакуациялау керектігін ұқтық. Сондықтан, барлық бағыт бойынша көліктер легі өтеді. Көліктер адамдарды тиеп алып, арнайы лагерьлерге орналастыратын болады. Барлық аудан әкімдері лагерьлерді ұйымдастыруды қолға алып, келгендердің тізімін жасауы керек. Әрбір әкімге тапсырма: келгендердің бәрін үйге немесе қонақүйге орналастыру керек. Әрбір лагерьді аудан әкімдері басқарады. Қазір эвакуация мәселесі бар. Біз сонымен айналысып жатырмыз», – деген ресми мәлімдемесінен-ақ байқауға болады.



# БІЗДІҢ БАНКТЕР КІМГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?

Қандай елді алсақ та, тіпті азуын айға білеген мықты мемлекет болса да оның экономикасына қаржы саласының әсері мен ықпалы зор екені белгілі. Ірі немесе «Дамытып жатырмыз!» деп өзіміз жалықпай жылдар бойы айтып келе жатқан шағын және орта бизнес пен өндіріс атаулының бәрі де қаржыландыру арқылы ғана іске асады. Қаржы болмаса өндіріс өледі, қуатты деген кәсіпорынның өзі банкрот болады.

3 бет

# КОНТРАСТЫ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА



В январе 2019 г. на сайте Vouchercloud был опубликован рейтинг самых «умных стран». В нем были представлены списки стран по количеству лауреатов нобелевской премии, по показателю IQ, по успешно сданным школьным аналитическим тестам. В опубликованном Vouchercloud топе «умных стран» Казахстана нет. Однако на сайте с удивлением отметили: «По школьным тестам Россия представляет Европу на 6-ом месте, в то время как соседний Казахстан, доселе известный только Боратом, превзошел ожидания – 9-ое место самых умных школьников в мире...

10 бет



# ЖАЙСАҢНЫҢ ЖАН ШУАҒЫ

Сынаптай сырғып өтіп жатқан уақытқа дауа бар ма, белгілі фототілші Рахымбай Ханалымен алғаш танысқанымыза да тура 46 жыл болған екен...

13 бет

# ПРЕЗИДЕНТ МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

**Ақордада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулинді қабылдады.**



Кездесу барысында Нұрлан Нығматулин Мемлекет басшысын Мәжілісте қазіргі атқарылып жатқан заң шығару жұмыстары мен оның нәтижелері туралы құлағдар етті. Сондай-ақ, биыл алдағы 23-24 қыркүйекте елордада өтетін Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің IV кеңесін өткізудің алдынала дайындық барысы жөнінде баяндап берді. Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы кезде қолға алынып, еліміздегі жүргізіліп жатқан маңызды реформаларды заңдық тұрғыдан сүйемелдеу және заң жобаларының уақтылы, сапалы қабылдануы қажеттігін айтты. Кездесу соңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

# АРЫСТАҒЫ АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛМАС ПА ЕДІ?!.

**Арыста тағы да апат болды! Бұл төртінші апат! Бұрын алғашқысы 2009 жылы 18-наурызда болып еді. Бұл жолғы апаттың беті алапат! Оның ауқымы қаншалықты алапат екенін Түркістан облысы әкімі Өмірзақ Шүкеевтің «Қазір оқиғаның ауқымына баға бере отырып, қаланы толығымен эвакуациялау керектігін ұқтық. Сондықтан, барлық бағыт бойынша көліктер легі өтеді. Көліктер адамдарды тиеп алып, арнайы лагерьлерге орналастыратын болады. Барлық аудан әкімдері лагерьлерді ұйымдастыруды қолға алып, келгендердің тізімін жасауы керек. Әрбір әкімге тапсырма: келгендердің бәрін үйге немесе қонақүйге орналастыру керек. Әрбір лагерьді аудан әкімдері басқарады. Қазір эвакуция мәселесі бар. Біз сонымен айналысып жатырмыз», – деген ресми мәлімдемесінен-ақ байқауға болады.**



Қорғаныс министрлігі: «Ешкім зардап шеккен жоқ» деп еді, кейін 1 адам қаза тапқаны, 2 адам ауыр жараланғаны, 32 адам ауруханада жатқаны хабарланды. Иә, тарап жатқан видеода босып жүрген жұрт. Шулаған ел... Отбасын тастап, босып кетудің қиындығын Босния мен Сириядан көретін едік...

Алла сақтап, Алаш жұрты аман болсын деп тілейік.

**Бірінші елдің есіне келетін ең үлкен өкініш** – Бізде өткеннен сабақ алуға болады ма? Бір рет емес бұған дейін төрт рет апат болды ғой!.. Айдың-күннің аманында – бейбіт өмір заманында?!. Жоқ, осылай бүкіл бір қаланы көшіруді күтіп жүрдік пе? Арыс қаласында 45 мыңдай тұрғын бар. Айналасымен қосқанда 65 мың тұрғынды көшірудің қасында Кеңес империясының қирайтын кезіндегі қара дақ болған Чернобыль оқиғасы да далада қалмай ма?.. Ал біз керегесінің кетеуі кеткен Кеңес империясы емес, 50 елдің қатарына кірген, елеулі ел, асты толған қазына мемлекет емеспіз бе?

**Екінші өкініш –** Қорғаныс министрлігі, тиісті органдар, неге бірден естерін жинап, дұрыс ресми ақпарат бермейді? Қазір біздегі әлеуметтік желілер Фейсбуктен бастап, ақпарат әлеміндегі өз билігін жасап жатыр. Әрине, ол дұрыс, егер шын ақпарат болса ғой, бәрі де... Мысалы, Арыстағы Қорғаныс министрлігінің қаружарақ қоймасының жарылысына Бөген су қоймасы мен шалғайдағы Шардара су қоймасының не қатысы бар? Олар «бұзыла қалғандағы» тасқын су тіпті, шығандағы Шымкент қаласына қалай жетеді? Бұлар қарапайым мектеп баласына да түсінікті жәйттар емес пе? Ал уатсапта Отырар ауданы мен Кентау, Сарыағаш, Шардара аудандарынан, тіпті Шымкент қаласында «Тасқын су басайын деп жатыр, қашыңдар!»-дегенге сенуге бола ма? Ол аудандардың географиялық орналасу аймағын білетіндер үшін бұл қиын емес қой! Мысалы, бес баланың жоғалып кеткені туралы олардың суреті тарауда. Ал алты жасар баланың жоғалып кеткені де, артынша табылғаны да жазылды фейсбукте. Ал ол оның суреті желіде әлі тарауда?!!

**Үшінші көңілге медеу болатын жәйт** – облыс тұрғындарының бәрі бір кісідей жұмылып, Арыс пен қала маңындағы тұрғындарды қабылдап алып жатыр. Бұған біз өз ауданымызға хабарласып та, біліп отырмыз. Аудандық, ауылдық топтарда Шардараға, Шәуілдірге, Түркістан қаласына, Жетісайға т.б. аудан орталықтарына уақытша орналасуға мекен-жайларын жазып шақырған хабарландыруларды оқып отырмыз.

Бұл ақпараттарды Шардара ауданы әкімі орынбасары Бауыржан Шомпиев ресми растады. Сонымен қатар, балаларды Шымкенттегі «Ақмешітке», т.б. мешіттерге, мектеп-интернаттарға, Қазығұрттағы мектеп-интернатқа апарып жатқаны жазылуда. Түркістан облысы әкімі Өмірзақ Шүкеевтің айтуы бойынша, жалпы бүкіл облыс аудандары бұл төтенше жағдайға жұмылдырылған. Әр аудан әкімі сол аудандағы лагерь басшысы болып бекітілген. Өзге өңірлерден де көмек бергісі келетіндер көбеюде. Бұл бар қазақтың – бір қазақ екеніне куә болатын оқиға.

«Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевтың тапсыруы бойынша облыстық филиалдар қолдарынан келген көмектерін көрсетуде. «Ақ жол» партиясы Шымкент қаласы филиалы төрағасы Әлімхан Әбжанның өзімен де сөйлестім. Әлекең: «Азекең қайта-қайта телефон соққасын, «Арыс қаласындағы 50 пайыз ел менің туыстарым, ал 50 пайыз ел қайын жұртым – Қазыбек Исаның туыстары. Сондықтан уайымдамаңыз, көмек сұраған елді Жетісайға дейін жеткіздік» деп жауап бердім», –деді. Сонымен қатар, Әлекең өзінің кіндік қаны тамған жер «Дермене» ауылына снарядтар түскенін қайғырып мәлімдеді. Яғни, бір адам қаза тапқаны, екі адам ауыр жараланғаны, 32 адам ауруханада жатқанының көбісі сол ауылға тиісті болса керек.

Ал Арыстағы белгілі журналист, «Арыс ақиқаты» газетінің бас редакторы, «Ақ жол» партиясының өкілі Әбдімәлік Ағыбайға хабарласып, байланыса алмадық. Соған қарағанда жағдайы оңай болмаса керек...Ал жалпы, әлеуметтік желідегі әлеуметті ойлайтын әйгілі ұлт зиялыларының алыстағы Арысқа жанашыр көңілмен жанайқайларын жазып жатқандарына риза болдық.

Сонымен қатар, көмек қолын созып жатқан азаматтарға ризамыз.

Ел аман, жұрт тыныш болсын дейтін қазақпыз.

Төртінші апат төрт құбыламызды қиналтып кетті.

Қазақ үшін өзінің қасиетті шаңырағынан, кіндік қаны тамған туған жерінен артық жер жоқ! Алаштың атағы алысқа тараған Арыс қаласы қауіпсіз жағдайда болуы керек!

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті органдарға Арыстағы әскери бөлімдегі оқ-дәрі қоймасында болған жарылыстың зардаптарын жою туралы тапсырма берді:

***«Қорғаныс, Ішкі істер министрлеріне және Түркістан облысының әкіміне Арыс қаласы әскери бөлімдегі оқ-дәрі қоймасында болған жарылыстың зардаптарын жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды тапсырдым. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жарылыстың себептерін анықтау қажет»,*** *– деді мемлекет басшысы.*

Бесінші апаттың болмауына Қазақ Елінің су жаңа президенті Тоқаев тосқауыл қоюы тиіс!

**Қазыбек ИСА,**
**«Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары,**
*«Қазақ үні»*

# АРЫС ТҰРҒЫНДАРЫ ЭВАКУАЦИЯЛАНАДЫ

**Ай мен күннің аманында Түркістан облысына қарасты Арыс қаласында әскери бөлімде орын алған жарылыс жергілікті жұртшылықты әбігерге салды. Қолдарына кішкентай балаларын алып, бас сауғалап қашқан аналарды бейнеден көрудің өзі қандай аянышты.**



Осы оқиғадан кейін, шұғыл түрде БАҚ өкілдерін жинаған Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Арыс қаласындағы жарылысқа қатысты жағдайды түсіндірді.

«Әскери бөлімде жарылыс болды. Сағат 09.20 кезінде хабарлама түсіп, төтенше жағдай жарияланды. Жақында орналасқан барлық аудандар мен елдімекендер жұмылдырылды. Қазір оқиғаның ауқымына баға бере отырып, қаланы толығымен эвакуациялау керектігін ұқтық. Сондықтан, барлық бағыт бойынша көліктер легі өтеді. Көліктер адамдарды тиеп алып, арнайы лагерьлерге орналастыратын болады. Барлық аудан әкімдері лагерьлерді ұйымдастыруды қолға алып, келгендердің тізімін жасауы керек. Әрбір әкімге тапсырма: келгендердің бәрін үйге немесе қонақүйге орналастыру керек. Әрбір лагерьді аудан әкімдері басқарады. Қазір эвакуция мәселесі бар. Біз сонымен айналысып жатырмыз», – деді Өмірзақ Шөкеев.

ҚР Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев та оқиға орнынан табылып, мәселені шешудің жолдарын қарастыруда. Арыстағы жарылыстан зардап шеккендер жоқ екендігін жариялады. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Арыстағы оқ-дәрі қоймасындағы жарылыс зардаптарын жоюды тапсырды.

«Апат айтып келмейді» десек те, бейбіт күнде ата-анасынан адасқан балалар өз отбасымен қауышса екен деп тілейік.

# ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

**ҚР Парламенті Сенатының жалпы отырысында «Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты ратификациялау туралы» ҚР Заңы қабылданды. Шарт бұрын тыйым салынбаған жаппай қырып-жою қаруларының соңғы түрі – ядролық қаруға заңды тұрғыда тыйым салатын тарихтағы алғашқы халықаралық құжат болып саналады.**

– Ядролық қаруға заңды тұрғыда тыйым салу – ядролық қарудың толық жойылуы үшін қажетті алғашқы қадам ретінде қарастырылып отыр. «Шарт ядролық қару немесе ядролық жарылғыш құрылғыны өндіру, сынау, сатып алу, беру, сақтау және өз аумағында орналастыруға тікелей тыйым салады. Сонымен қатар, шарттың ережелеріне сәйкес, ядролық қаруды пайдалануға әрі қолдану тұрғысынан қорқытуға тыйым салынған», – деді ҚР Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұлов. Аталған шарт 2017 жылғы 20 қыркүйектен бастап Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясы аясында қол қойылуы үшін ашылды. Сонымен қатар, 50 мемлекет ратификациялағаннан кейін күшіне енетін болады. Қазіргі уақытта шартқа 70 мемлекет қол қойды, 23 мемлекет ратификациялады. Бағамдар бойынша шарттың күшіне енуі 5 жылға созылуы мүмкін. Шартты ратификациялау Қазақстанның ядролық қарусыздану саласындағы бастамаларымен толықтай сәйкес келеді. Осы заң жобасын қабылдау республикалық және жергілікті бюджеттерден қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

# ҚОТЫРКӨЛ КЕЗ КЕЛГЕН АУРУҒА ШИПА БОЛМАЙДЫ

**ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова мүмкіндігі шектеулі жандарды сауықтыру мәселесі туралы мәлімдеме жасады.**



«Санаторий-курорттық емдеу орнын таңдау мемлекеттік сатып алулар арқылы жүзеге асырылады. Нысан міндетті түрде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді болуы керек. Мәдениет және спорт, Денсаулық сақтау министрліктерімен бірлесіп, бұл нысандарды қызмет көрсетушілер тізбесіне тіркелуін және қолжетімділік паспортының болуын міндеттеуді көздеп отырмыз», – деді вице-министр Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылған соң, адамдар санаторийге таңдау жасай алады. «Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласындағы мүмкіндігі шектеулі жандар таңдау жасай алмайды. Қай жері ауырса да, Қотыркөлге жіберіледі. Портал іске қосылғанда, адам өз денсаулығына қарай шипажай таңдай алады. Тірек-қимыл жүйесі бұзылса, Мойылдыда балшықпен емдеуге болады дегендей. Қазір бұл мәселе порталдың жұмысына тікелей байланысты», – деді вице-министр.

# БІЗДІҢ БАНКТЕР КІМГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?

**Қандай елді алсақ та, тіпті азуын айға білеген мықты мемлекет болса да оның экономикасына қаржы саласының әсері мен ықпалы зор екені белгілі. Ірі немесе «Дамып жатырмыз!» деп өзіміз жалықпай жылдар бойы айтып келе жатқан шағын және орта бизнес пен өндіріс атаулының бәрі де қаржыландыру арқылы ғана іске асады. Қаржы болмаса өндіріс өледі, қуатты деген кәсіпорынның өзі банкрот болады. Сол үшін де тиімді және ұтымды қаржылық саясат ұстана білу қажет. Өкінішке орай, біздегі қаржы саясаты халық пен мемлекет мүддесі үшін дұрыс жұмыс істеген емес. Осы орайдағы кемшіліктер аталып, соңғы жылдарда заңымызға қаншама өзгерістер енгізілгенмен бүгінгі күнге дейін қаржы саласы «созылмалы сырқатынан» сауыққан жоқ...**




Егеменді ел атанғаннан бергі біздің қаржы саласының қалтарыс-бұлтарысы көп тарихына сырттай ғана көз жүгіртіп көріңізші. Бұл жерде осы саланың білгір маманы болудың да қажеті жоқ, жай ғана қатардағы қарапайым адамның өзі көп нәрсені аңғаратыны анық. Қаржы саласына тікелей жауапты Үкімет пен Ұлттық банктің жылдар бойғы жұмысына «екіліктен» артық бағаны ешкім бермес еді. Сондықтан да болар қаншама қаржы министрі мен бас банкир ауысса да халыққа қызмет көрсету деңгейі мен сапасы сыннан көз ашқан емес. Сөзіміз дәлелді болу үшін соның кейбір тұстарына ғана тоқтала кетелік.

Алдымен «Банк деген не, ол шын мәнінде кімге және қандай қызмет көрсетуі керек?» – деген сұрақтан басын ашып алайық. Ғаламторда берілген анықтамадағы түсінік бойынша италияндық banco деген сөзінен шыққан бұл ұғым бұрындар ақша айырбастайтын үстел дегенді білдіріп, кейін дами келе қаржылық-несиелік қызметтер атқаратын мекемеге айналған. Арнайы берілген лицензия арқылы үкіметке, заңды және жеке тұлғаларға түрлі қаржылық қызмет көрсететін коммерциялық ұйым болып табылады. Клиенттерден қаржы тарту, құнды қағаздарды оналастыру, сол үшін оларға белгілі бір мөлшерде сыйақы тағайындау, пайызбен несие беру сияқты міндеттерді атқарады. Бірақ оларға тікелей өндіріспен, саудамен, сақтандыру ісімен айналысу құқығы берілмеген. Бұл халықаралық ереже, ал біздегі банктердің өзі болмаса да ондағы басшылардың банк қаржысын пайдаланып қандай бизнеспен айналысып жатқанын бір Құдай ғана біледі. Қалай десек те банктің басты мақсаты – сол қызметі арқылы барынша мол пайда табу, қарапайым тілмен айтқанда, ақшадан – ақша жасау.

Қазіргі капиталистік қоғамдағы қолданыста жүрген заң бойынша миллиардтап пайда табу қылмыс емес. Тіпті, сол іскерлердің асығы алшысынан түсіп, абыройы артып тұр. Мәселе сол байлықты қандай жолмен табуда болса керек. Ашығын айтайық, шынайы, әділ бизнеске қарағанда, бізде халыққа тиесілі байлықты басып алып, адамдардың еңбегін қанап байығандар басым боп жатыр. Ол өз алдына жеке әңгіме. Жалпы алғанда, әлемдегі елдердің әрқайсысының қаржыға қатысты өз заңы бар екені белгілі. Оны қатаң сақтау немесе өрескел бұзу жағы да әр елде әртүрлі деңгейде. Өзгенің күл-қоқысын қопарып қайтеміз, біз алдымен өз қорамызды тазалап алайықшы. Соның өзі қолымыздан келмей жатыр...

Естеріңізде болар, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бірнеше жылға созылған қаржы тапшылығын бастан өткердік. Кеңестік кезеңдегі экономикалық байланыстар үзіліп, өндіріс ошақтарының оты өшіп, дағдарысқа тап болдық. Жекешелендіру деген желеумен ірі кәсіпорындардың басым бөлігі билік басындағылар мен соның маңайындағылардың қанжығасында кетті, былайша айтқанда, қазан басындағылар ортақ табаққа жеткізбей ошақ басынан жіліктеп бөліп алды. Өндірісті өркендету мен жұмыс орындарын сақтап қалу дарынсыз, біліксіз пайда күнемдердің қолынан келмеді. Ондай таза ниет оларда болған да емес. Зауыт, фабрикаларды сауда орындарына айналдырып, әр шаршы метрін жалға беріп, жатып алып ақша табатын майшелпекке айналдырды. Нәтижесінде, басқасын былай қойғанда, зейнеткерлерге беретін ақша таппай қалғанымыз да рас. Тірелген тұйықтан шығуды – шетелдік қаржы орталықтарынан қарыз алу деп тапқан үкімет біздегі бүгінгі банктерге жол ашып берді. Жерасты байлықтарын игеруді де шетелдік инвесторларға тапсырды. Бұл жерде де шетелдіктермен жасалған өзара келісім-шарттардың бәрі бірдей бізге ұтымды болды деп айтуға келмейді.

Мына бір қағиданы үнемі есте ұстауымыз керек, банктің аты жер жарып тұрса да, халықаралық немесе өзге де қаржы ұйымдары мемлекеттің немесе үкіметтің кепілдігінсіз ешқашан қарызға бір тиын ақша бермейді. Өйткені, әлемдік тәжірибеде мықты банктердің өзі банкрот болған жағдайлар жетіп артылады. Сондықтан, алған несиеге түпкілікті кепілдік берген үкімет жауапты.

Міне тап сол кезеңде біздің елімізде банк дегеніңіз жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап шыға келді. Өйткені, бұл ақша жасаудың ең жеңіл жолы болатын. Зауыттағыдай өндірісті жүргізіп, тауарды өткізіп, жұмысшыларына айлық тауып берудің қажеті жоқ. Дайын ақшаны 2-3 пайызбен алып, халыққа 20-30 пайыз үстемемен несие таратып, «банктік комиссия» деп аталған түрлі қитұрқыларын қосақтап үстінен мол пайда табу қолайлы болды оларға. Олар деп отырғанымыз негізінен сол жекешелендіруде оза шапқандар, халықтың жылдар бойы жинаған байлығын басып қалғандар. Өйткені, банк ашатындай қарапайым адамда бір тиын жоқ, жеңіл жолмен капитал жинап үлгергендер өз байлығын осылайша үстемек болды. Ал, көк тиынсыз қалған қарапайым халыққа бұл көктен жауған тегін теңгедей көрініп, жаппай несие алуды бастады. Үстеме пайызы тым жоғары болса да, олардың басқа амалы да жоқ еді. Сөйтіп мұндай «жарылқаудың» нәтижесінде 2018 жылдың маусым айына дейінгі қорытындысы бойынша қазақстандықтардың несиелік берешегі 5,6 триллион теңгеге жетті деген ресми ақпарат таралғанын білесіздер, сарапшылардың айтуынша қазір ол 6 триллионнан асып кетті. Сол қарыздардың басым бөлігі өзіміздің тұрғындар алған тұтынушылық несиеден тұратыны айтпаса да белгілі.

Санасақ еліміздегі банктердің саны 35-ке бір-ақ жеткен екен. Бар-жоғы 18 миллион ғана халқы бар мемлекетке осыншама банктер керек пе еді? Әрине, тым көп. Бірақ қолында капиталы бар мықтылардың бәрі бизнестің осы бір тер төкпейтін жеңіл түрін таңдады. Оларға қой деп ешкім айта алмайды. Сондағы келтірген сылтаулары – банктер саны көп болса өзара бәсеке орын алып, қызмет сапасы жақсарып, несиенің үстеме пайызы төмендейді-мыс. Кешіріңіздер банкир мырзалар, дәп сіздер айтқандай несие үстемесі бәсекелестік арқылы бір тиын да төмендеген жоқ, қызмет сапасы да арта қойған жоқ. Оған өткен жылдардағы жұмыстарыңыздың нәтижесі нақты дәлел. Керісінше, жаңағы банктер пайыздық үстемені көтеру жағынан бәсекеге түсіп тұрғындарымызды тұйыққа тіреді. Төлемді уақытында өтемегендерге аяусыз айыппұл салып, жаналғыштан бетер қыспаққа алды. Коллектор дегендерді жіберіп, ипотекалық несиеге алған жалғыз баспанасынан адамдарды бала-шағасымен қоса далаға сүйреп шығарып тастаған кездер де болды. Банк алдындағы борышын өтей алмағандар өз-өздеріне қол жұмсауға дейін жетті. Бірі жетінші қабаттан секіріп мерт болса, енді біреулер асылып өлгендері туралы жайсыз жаңалықтарды сол кездерде телеарналардан көріп естігенсіздер. Несиенің үстеме пайызын төмендетеді деп босқа үміттендік, ол тіпті де мүмкін емес еді. Өйткені, сол банктердің иелерінің басым бөлігі халықтың әл-ауқатын жақсартады деп сенім артқан жоғары жақта отыр емес пе? Олар мол пайда түсіріп тұрған бизнесін қалай тұншықтырмақ, былайша айтқанда өз қолын өзі кесе алмайды.

Мемлекеттік қызметте жоғары лауазымда отырғандар банкті туыстарына немесе сенімді адамдарының атынан ашып, өздері судан таза, сүттен ақ болып қала берді, әлі де солай болып отыр. Бір ғана мысал, Астана қаласының әкімінен бастап, министр, президент әкімшілігінің басшысына дейінгі жоғары лауазымды қызметтерді атқарған Әділбек Жақсыбеков басқа бизнестерін былай қойғанда, еліміздегі ең ірі банктердің бірі – «Цеснабанктің» иесі. Оны баласының атына жазғызып, өзі ештеңе болмағандай заңға қайшы болса да мемлекеттік қызметте ондаған жылдар тайраңдап жүрді, өзгелерге жоғары мінберден ақыл айтып, жол сілтеді. Сондағы көрсеткен үлгісі осы ма?.. Ақыры сол банк түбіне жетті деуге болады. Қоры азайған өз банкін әлдендіру үшін қызметін пайдаланып мемлекеттік қазынадан заңсыз қомақты қаржы аударып басы бәлеге қалды, қызметінен кетуіне тура келді. Ал шын мәнінде осы қылықтары үшін оның үстінен қылмыстық іс қозғалуы керек еді. Бірақ біздегі қалыптасқан әдет бойынша жоғары лауазымдыларға от та жоқ, сот та жоқ. «Ерекше жаралағандарға» арналған ереже мүлдем бөлек. Өзге бір қатардағы адамдар осыны істесе темір тордың арғы жағынан бір-ақ шығар еді. Ал осыған байланысты құқық қорғау орындары жұмған аузын аша алмады. Жұмысынан кетісімен өзінің бизнесін қайта басқарып қала берді. Рас, соңында сол мол пайда әкеліп жатқан бизнесін «бастан – құлақ садақа» деп, «Цеснабанкті» өзгелерге «сатуға» мәжбүр болды. Ақпан айында «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектебі» – First Heartland Securities сынды автономды білім ұйымының тобы «Цеснабанктың» 99,5% қарапайым акциясын сатып алды. Оны қаншаға сатып алғаны да көпшілік үшін құпия. Банктің ендігі жаңа толық атауы – «First Heartland Jýsan Bank». «Көктемдегі жусан иісі – Ұлы даланың жаңарып, қайта дүниеге келуінің символы. Бұл өткен, қазіргі және болашақ кезеңімізді байланыстыратын біздің Отанымыздың иісі десек те болады», – деп өз ойын әспеттеп білдіріпті Банк басқармасының төрағасы Бекжан Пирматов. Кімге жусан иісі, кімге ақша иісі шығатынын, кімге пайда әкеліп, кімге қазы қамытын кигізерін келешек көрсете жатар. Ал, Назарбаев Университетінің президенті Шигео Катсу қазақша әдемі атауы бар «Жусанбанк» АҚ директорлар кеңесінің басшысы болып тағайындалды. Соған қарағанда, бізде Әділбек Жақсыбековтен де мықтылар бар екен.

Майда-шүйде шабақтарды шортандар шайнамай қылғыта салатыны сияқты, ірі банктер әлсіздерін жұтуды бастаған секілді. 2018 жылдың шілдесінде Қазақстандағы екі ірі банк – «Halyk bank» пен «Qazkomдың» біріктіру аяқталып, «Qazkomның» барлық мүлкі, құқығы мен міндеттемесі «Халықбанкке» берілді. Одан кейін «Астанабанк» пен «Эксимбанк» жабылғанын білесіздер. Жақында ғана «Tengri Bank», «AsiaCredit Bank» және «Capital Bank Kazakhstan» ерікті түрде қайта құрылып, бірігетіні жайлы хабар таратылды. Соған қарағанда, банк саласына әлде бір тықыр таянған секілді. Бұл тықыр банк иелерін күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырғаны анық. Яғни, тасада тығылып тұрса да банк иелерінің өзара күш сынасар кезі келген сияқты, сырт көзге көрінбейтін банкирлер соғысы басталып кетті деуге болады. Бұны олар біріктіру деп атағанмен астары ашық жатыр. «Банктер ірілендіріліп, әлемдік бәсекеге төтеп беретін болады» – дейді. Осы бәсеке дегенді естісе қарапайым тұрғындардың аза бойы қаза болады. Көпшілік банк саласындағы бәсекеге өлсе де сенбейді, олардың өзара «бизнес ойындары» екенін, банктердің кімге қызмет ететінін түсінетіндей жағдайға жетті.

Қаржы саясатын дұрыс жүргізбеген банктер артық қыламыз деп тыртық қылғанын, тойымсыздықтың түбі жақсылыққа жеткізбейтінін білетін уақыт болды. Соншама жоғары пайызбен несие берудің соңы өздерін әлсіретті. Өйткені, жеке ғана емес, заңды тұлғалар да қарыздарын қайтара алмай біздің банктер тақырға отырды. Оларды сауықтыру үшін Үкімет бірнеше рет қазынадан қомақты қаржы бөлгенін білесіздер. Не үшін? Олар өз пайдаларын ойлаған жекеменшік мекемелер емес пе? Міне, осы жерде алдында айтқан олардың иелерінің ықпалы зор болды. Қазынадан ақшаны 3 пайызбен алып, халыққа кем дегенде 15 пайызбен тарату әлі де жалғасуда. «Ақ жол» партиясы бұл пайызды екі есе төмендету керек деп отыр. Өйткені, бұл онсыз да тұрмысы төмен халықты тонау болып табылады. Әлемдегі ең қымбат несие пайызы бізде екен. Сонда Қазақстанда бірыңғай миллионерлер тұра ма? Әрине, жоқ. Олай болса экономиканың күре тамыры саналатын біздегі қаржы саласына түбегейлі оң өзгерістерді шұғыл енгізу қажет. Онсыз экономикамызды дамытып, тұрғындарымыздың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын түзей алмаймыз.

2-3-бетті дайындаған
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# «АҚ ЖОЛ» ФРАКЦИЯСЫ ДЕЛДАЛ-КОМПАНИЯЛАРДЫ ЖАБУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ



**«Ақ жол» фракциясы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы әкімдіктердің делдал-компанияларын жабуды талап етеді. Аталмыш депутаттық сауалды ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Меруерт Қазбекова Ұлттық экономика министріне жолдады. Сауал Нұр-Сұлтан қаласының табиғи монополия қызметі тұтынушыларының өтініштеріне сәйкес жолданды.**



«2017 жылдың қаңтарында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында экономикадағы мемлекет үлесін 15%-ға дейін азайтуды тапсырған болатын: «Бизнестің барлық шығынын жаппай азайту жөнінде шаралар қабылдау қажет. Бұл әсіресе, энергетика, көлік және логистика, сондай-ақ, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы қызмет көрсету құнына қатысты». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың мамыр айындағы Шетел инвесторлары кеңесінің отырысында да Үкіметке мемлекеттік компанияларға рұқсат етілген барлық қызмет түрлеріне тексеріс жүргізіп, оларды қысқартуға байланысты ұсыныстарды енгізу туралы тапсырмасын берген», – делінеді сауалда.

Қазбекованың айтуынша, Нұр-Сұлтан қаласындағы мемлекеттік кәсіпорындардың бірсыпырасын қысқарту қажет. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне қарасты 1999 жылы құрылған «Астанаэнергосервис» АҚ қызметі – «Астана-энергия», «Астана-Теплотранзит», «Астана-РЭК» АҚ, «Астанинская энергосбытовая компания» ЖШС сынды т.б. энергетикалық кәсіпорындарды басқару болып отыр.

«Ақ жол» партиясы, өздігінен ешқандай қызмет атқармағанымен, құны тарифтелетін мұндай «басқарудың» кез келген түрін тұтынушыларға артық жүктеме деп есептейді.

Депутат Елбасының өткен жылдың 7-қарашасындағы Қауіпсіздік кеңесі отырысындағы коммуналдық қызметтегі негізсіз тарифтер – халыққа қарсы жасалған қылмыс деген сөзін еске түсірді.

Интернеттегі мәліметке сүйенсек, сыйлықақы мен бонусты есептемегенде, мемлекеттік делдалдық компания басшысының жалақысы 1,5 млн. тг, оның төрт орынбасарынікі – 1 млн. 300 мың тг. Өздігінен ештеңе өндірмейтін контораның жалақы қоры 600 млн. теңгені құрайды. Бұған кеңсе, қызмет көлігі, жиһаз, кеңсе техникасы және т.б. жабдықтарды қосыңыз – сонда сөз қарапайым халықтан жасырын жиналған миллиардтар туралы болмақ.

Осыған байланысты фракция депутаттарында мынадай сұрақтар туындайды: Аталмыш делдал әкімдік пен өнеркәсіптік компания арасындағы қандай қызметтерді атқарады? Салалық қызмет пен әкімдік басқарма шенеуніктері мұндай жалақыны не үшін алып жүр?

Ашық деректерге сүйенсек, аталмыш «Астанаэнергосервис» АҚ құрамында күдік келтіретін тағы бір кәсіпорын бар. Ол қаланы электрмен жабдықтаумен айналысатын «Астана энергосбытовая компания» кәсіпорны.

Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласын 7 жекеменшік кәсіпорын электрмен жабдықтайды. «Бәсекелестік нарықта мемлекет тарапынан тағы бір компания құрудың қажеттілігі неде? Не себепті не антимонопольді орган, не Астана әкімдігі бұл ұйымның қызметі Үкіметтің электрмен жабдықтау саласында коммуналды кәсіпорындарды құрмау туралы 2015 жылдың 28 желтоқсанындағы №1095 қаулысына қайшы келетініне назар аудармаған?» – «ақжолдықтар» бұл сауалдың жауабын ала алмай отыр.

Сондай-ақ, депутаттардың ойынша, әкімшілік ресурстары бар мемлекеттік ұйымдардың қызметінен адал емес бәсекелестіктің нышандарын көруге болады. Мысалы, аталмыш серіктестіктің 2012 жылғы абоненттер саны 155 болса, 2016 жылы 4617 адамды құраған, 4 жылда 30 есе көбейді деген сөз. Бұл – нарықтың жекеменшіктен мемлекеттікке өткенінің айқын көрінісі, өз кезегінде ол тұтынушылар үшін де, жеке бизнес үшін де қызмет тарифінің өсуіне және монополизацияға әкеледі.

Осыған байланысты, партия фракциясы көрсетілген фактілерге тексеріс жүргізіп, аталмыш мемлекеттік компанияларды жабу туралы мәселені қарастыруды талап етеді. Сонымен қатар, «Ақ жол» партиясы осыған ұқсас жағдайлар бойынша еліміздің өзге де қалаларында сараптама өткізілуін, олар анықталған жағдайда – ол құрылымдардың жабылуын, адал бәсекелестіктің қайта орнатылуын және коммуналдық қызмет нарығындағы тариф құнының ашық жасалуын қажет деп есептейді.



## КӨПБАЛАЛЫ АНА АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Алматы қаласындағы үгіт науқаны барысында Дания Еспаеваның сайлауалды штабы «Ақсай-нан» наубайханасының ұжымымен кездесекен болатын. Кездесу барысында көпбалалы ана Әсел Сейтова өзінің атаулы әлеуметтік жәрдемақы ала алмай жүргенін айтты.

«Осы кездесуді қолданып, өзім сізге шағымданып едім, көп балалы аналарға тиісті көмекті ала алмай жүрғаныма. Әкімшілік пропискаң жоқ, жалақы туралы анықтама керек, тағы басқа сылтау айтып мені шығарып салатын. Оларға қаншама бардым, еш шешім болған жоқ», – деп жазды ол өз хатында.

Аталмыш мәселе бойынша «Ақ жол» партиясы, оның ішінде партияның Алматы қалалық филиалы көпбалалы анаға көмек білдіріп, оның атаулы әлеуметтік көмек алуына қол жеткізді. Осыған орай Әсел Сейтова партия төрағасы Азат Перуашевтің хат жолдап, алғысын білдірді.

«Қарапайым халық өз құқығын біле бермейді. Сіз басқарып отырған «Ақ жол» партиясы осындай жағдайда көмек бергеніне мен шын жүректен алғыс айтамын», - деді көпбалалы ана.

# САЛЫҚШЫЛАРҒА «ЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАТТАНДЫРУДЫ» ЕНГІЗУ ҰСЫНЫЛДЫ

**«Ақ жол» фракциясы салықшыларға «экономикалық сауаттандыруды» енгізуді ұсынды. Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Екатерина Никитинская өзінің Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары - Қаржы министрі Әлихан Смайыловқа жолдаған депутаттық сауалында хабарлады.**

Салық органдарының заңнамалық нормаларды біртүрлі ерекше пайымдауына байланысты «Ақ жол» партиясына бірқатар кәсіпорын жүгінді. Мысалы, Қостанай облысының Мемлекеттік кірістер департаменті екі кәсіпорынға 2014-2016 жж. аралығындағы бейрезиденттен түскен валюталық қарыз өтеміне байланысты қосымша құн салығын төлеу және үстеме төлеу жөнінде талап қойған.

Депутаттың айтуынша, бұл отандық фискалдардың кезекті жаңалығы. Қашаннан бері, қандай нормативтік құжаттарға және экономикалық негіздерге сәйкес қостанайлық салықшылар несие төлемдеріне қосымша құн салығы салынуы тиіс деп есептейді? Әлде олар не ақылға қонымсыз, не экономикалық тәжірибеге бағынбайтын өз фискалды саясатын жүргізіп жүр ме?

Халықаралық экономикада төлемдік және қайтарымдық шарттындағы қарыз операцияларына және олардың сыйақыларына қосымша құн салығы салынбайды. Аталмыш төлемдерде қосымша құн қарастырылмағандықтан, салық төлемінің объектісі жоқ.

Сонымен қатар, қаржылық есептердің халықаралық стандарттарына сәйкес қарыз қаражатына төленетін сыйақы өндірілетін продукцияның өзіндік құнына кіреді. Қарыз алушының тауары немесе қызметінің құнында қосымша құн салығы кіріп тұр. Қарыз сыйақысына қосымша құн салығын жеке енгізу – салық төлеушінің бір шығынға екі рет салық төлеуі. Бұл өз кезегінде кез келген салық жүйесі құрылымының негізгі қағидаты – екі реттік салық төлеу қағидатына қайшы келеді.

Қазіргі ҚР Салық кодексіне сәйкес (394-бабы, 16-тармақ) төлемдік және қайтарымдық шарттындағы қарыз операциялары және олардың сыйақылары қосымша құн салығынан босатылған. Төлемдік, шұғылдық, қайтарымдық шарттағы қарыз операцияларды жүзеге асыру айналымдары қосымша құн салығынан босатылғаны туралы ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының екі ресми хатында да (2018 жылдың 18 маусымы мен 27 тамызынан, №503874 және №513021) көрсетілген.

«Салық органдарының бұл әрекетін, аталмыш норманың салықтық заңнамада тек 2017 жылы пайда болғанымен түсіндіруге болатын шығар. Бірақ отандық заңнамада аталмыш норманың болмауы 2017 жылға дейінгі объективті экономикалық заңдардың құзыретін алып тастай алмайды. Керісінше, Салық кодексіндегі аталмыш норма кәсіпкерлерді қорғау үшін және, соған қарағанда, экономикалық қатынастардан хабары жоқ фискалды органдардың қызметкерлерінің көбеюіне байланысты енгізілген», – деді Никитинская. Сондай-ақ, ол сонымен қатар салық заңнамасында түсініксіз және реттелмеген мәселелердің барлығы салық төлеушінің пайдасына қарай түсіндіретін салық төлеушінің адалдық принципінің де пайда болғанын да атап өтті.

«Өйтпегенде, фискалдардың құқықтық дт, экономикалық заңдары да елемейтін «тапқыштығының» арқасында бизнеспен айналысатын адамдарды таба алмай қаламыз. Өкінішке қарай, шенеуніктердің, әсіресе жемқорлық қаупі жоғары саласындағы, кәсібилігі мен біліктілігінің төмендеуі тенденциясы – бүгінгі күннің шындығы болып отыр. Оны келтірілген мысал да дәлелдеп отыр», – деп есептейді «ақжолдықтар».

Осыған орай, «Ақ жол» депутаттары Қаржи министрлігін аталмыш мәселені реттеп, ойдан шығарылған салықты есептеуді тоқтатып, бизнеске негізсіз қысым көрсетуді доғарып, Қазақстанның инвестициялық климатын қорғауды сұрайды. Бұдан бөлек, фракция фискалды органдардың тәжірибесіне аймақтағы қызметкерлер үшін тұрақты түрде әкімшілік және экономикалық процестердің негізін түсіндіру, яғни, «экономикалық сауаттандыру» бойынша кәсіби семинарлар мен тренингтер енгізуді қажет деп санайды. «Ақ жол» партиясы мен оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарлама бойынша жұмысты жүзеге асыруды жалғастыруда.

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*

**Дулат ИСАБЕКОВ,**
**писатель-драматург, лауреат государственной премии РК:**

# ЕСЛИ С ИСЛАМОМ АБИШЕВЫМ СВЕРШИТСЯ НЕСПРАВЕДЛИВОСТЬ, В ОБЩЕСТВЕ МОЖЕТ ВОЗНИКНУТЬ ПРОТЕСТ...





Ислам Абишев – человек, пользующийся в Казахстане немалым авторитетом, потому что плоды его труда и планы, которые он воплотил в жизнь, уже многие годы успешно работают на благо страны и способствуют ее процветанию. Я с уверенностью могу сказать, что Ислам Абишев всегда добросовестно трудился и всегда добивался поставленных целей, о чем неоднократно появлялись публикации на страницах печатных изданий.

Когда глава государства назначил его председателем Комитета по водным ресурсам Министерства сельского хозяйства, он смог сэкономить значительные бюджетные средства. Не словом, а делом, без ущерба производству, максимально эффективно для блага народа вовремя претворял в жизнь крупные проекты, экономя на этом триллион тенге, делая огромный объем работы в области водных ресурсов, отстаивая реальные интересы населения.

Мы глубоко переживаем за то, что такие патриоты своей страны сидят в тюрьме и ни за что страдают. Если бы в нашей стране действительно был справедливый суд, то Ислам Абишев находился на свободе, а не сидел бы в тюрьме. Следовательно, в нашей стране справедливого суда пока нет.

Еще один момент, который следует отметить: когда Ислама Алмахановича задержали, ему не предъявили статьи об обвинении. Обманным путём закрыли в камере. Я думаю, в том, что его забрали за считанные месяцы до выхода на пенсию, кроется злой умысел. Надо было закрыть этого уважаемого человека до заслуженного отдыха. Тот, кто сэкономил триллион, оставил в проигрыше тех, кто ждал миллионных доходов в свой карман. Вожделенная «сыбага» (взятка) ушла мимо их карманов. Этих «деятелей» можно найти при тщательном расследовании.

Очевидно то, что кое-кто не смог «распилить» предполагаемый доход из сэкономленного триллиона. Я уверен, что это их способ мести.

Если в ходе судебного процесса будет совершена несправедливость по отношению к Исламу Абишеву, то в некоторой части общества может возникнуть протест, так как этот человек добросовестно работал для народа. При встрече с Президентом я говорил о чистоте совести Ислама Алмахановича.

Между тем, в деятельности Ислама Абишева возникали беспрестанно неуместные проверки, и тогда тоже не давали работать в поисках грязи под ногтями.

Если Ислам Абишев сегодня будет осуждён несправедливо, то это будет на совести нашего общества. Это будет означать, что нашему государству не нужны квалифицированные специалисты. Мы и дальше, что скрывать, будем ценить только таких работников, которые угождают начальству, делятся ворованным. А по-настоящему честные сотрудники не нужны. Если бы Ислам Абишев был на государственной службе во время советского правительства и совершал такой же трудовой подвиг, то ему было бы безоговорочно присвоено звание Героя Социалистического Труда. А мы его начинаем подозревать, проверять...

Однако у меня еще есть надежда. Власть меняется. Я надеюсь, что справедливость восторжествует!

## ИСЛАМ АБИШЕВ ПЕРЕНЕС ИНФАРКТ В СИЗО

6 июня бывший председатель Комитета водных ресурсов РК Ислам Абишев, находящийся с 16 марта в заключении, перенес инфаркт. Он упал и его на носилках унесли в санитарную часть тюрьмы. Потребовалось 2 часа и медицинская помощь, чтобы привести его в сознание.

7 июня после инфаркта суд вновь отказал по ходатайству о домашнем аресте. Следующее слушание по ходатайству состоится только в июле. Однако медицинская помощь нужна прямо сейчас!

28 мая он ходил на консультацию к кардиологу. До этого санитарная часть СИЗО не отпускала его на консультацию в течение 2,5 месяцев, несмотря на неоднократные приступы. Его сопровождали 3 конвоира, наблюдающий за ним врач и следователь. Все они сидели в кабинете врача во время осмотра. После окончания осмотра следователь вновь зашел в кабинет врача и в течение 15 минут разговаривал с ним. Под давлением врач подписал, что Ислам Абишев здоров и в состоянии продолжать ждать результатов следствия за решеткой.

Даже после инфаркта тюремные врачи считают, что Ислам Абишев годен к пребыванию под стражей.

*Комитет по защите Ислама Абишева*



# СЭКОНОМИЛ БЮДЖЕТ
## НА 1 ТРИЛЛИОН ТЕНГЕ И ПОПАЛ ЗА РЕШЕТКУ

**В апреле 2014 года была принята «Государственная программа по управлению водными ресурсами Казахстана». Стоимость – 1,5 триллиона тенге. Период реализации: 2015–2020 годы. Вернувшийся на должность председателя Комитета по водным ресурсам Ислам Абишев после личного объезда всех объектов по республике и скрупулезного анализа каждого пункта расходов пришел к выводу, что бюджет в 1,5 триллиона тенге сильно раздут. По результатам экспертного анализа он сократил бюджет в 3 раза до 500 миллиардов тенге, при этом в разы увеличив объем выполняемых работ: увеличение повторно используемых орошаемых земель в 10 раз, экономия воды в 2,8 раза, увеличение запасов воды после весенних дождей в 3 раза.**

Очевидно, что подобные государственные программы – возможность здорово "распилить" бюджет и обогатиться, поэтому предложение сократить бюджет не смогло найти никакой поддержки у высших руководителей. И только после того, как Исламу Абишеву удалось зайти к Елбасы и объяснить все нюансы программы, программа была принята.

После принятия программы, сэкономившей 1 триллион тенге, для оказания давления на Ислама Абишева стали подвергаться преследованиям люди из его команды. Особенно подвергся преследованиям ближайший соратник Абишева Жампозов Омирбек, который отличался большим трудолюбием и профессионализмом, всю свою жизнь трудился в системе водных ресурсов. Его несправедливо обвинили. Не в силах вынести несправедливость, в день вынесения приговора суда на территории музейно-мемориального комплекса «АЛЖИР» он покончил жизнь самоубийством. (Перед тем как застрелиться, он выстрелил в полицейского и работника прокуратуры и легко ранил их.)

Еще одного соратника Ислама Абишева, очень компетентного специалиста, с большими организаторскими способностями, директора Алматинского филиала РГП «Казводхоз» Сейлхана Мухамадиева задержали ночью 2 февраля 2018 года, вывезли из дома и допрашивали до утра. Наутро он выпрыгнул из окна в кабинете следователя, расположенного на четвертом этаже здания антикоррупционной службы по Алматинской области и погиб. Покойный за день до задержания по собственному желанию ушел с работы. Он был в пенсионном возрасте...

За 2 месяца до своей пенсии, 15 марта 2019 года Ислама Абишева отстранили от работы председателя Комитета по водным ресурсам, а 16 марта 2019 года он был арестован и сейчас пребывает в тюрьме.

В отличие от многих чиновников, Ислам Абишев пришел в политику уже будучи богатым человеком. В 90-ые годы он построил несколько успешных бизнесов в Южно-Казахстанской области. Его политическая карьера началась в 2000 году, когда его пригласили стать акимом Ордабасинского района Южно-Казахстанской области. Он пришел в политику не для того, чтобы "пилить" бюджеты, а чтобы внести вклад в развитие страны. И теперь после почти 20 лет политической карьеры, после огромного вклада в развитие Южно-Казахстанской, Восточно-Казахстанской областей и системы водных ресурсов страны, за 2 месяца до заслуженной пенсии его посадили в тюрьму. За то, что он сэкономил 1 триллион тенге госбюджета.

Выводы делайте сами.

*Комитет по защите Ислама Абишева*




# ТІЛІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК,

**Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, іс жүзінде қолданыстағы аясын кеңейту мәселесі егемендік алғалы, ширек ғасыр бойы күн тәртібінен түсіп көрген емес. Арнайы Тіл туралы заң қабылданғалы да талай жылдар өтті. Бірақ қазақ тілінің кең қолданысын толықтай қамтамасыз еттік деп айтуға әлі де ертерек сияқты. Сондықтан да республика бойынша бұл бағытта қазақ тілінің мәртебесін көтеруге тұрақты түрде түрлі іс-шаралар атқарылып келеді, дәстүрге айналды десек қателеспейміз. Еліміздің «батыс қақпасы» саналатын Батыс Қазақстан облысы экономикалық мүмкіндігі мол ең ірі аймақтардың бірі. Мұнда газ, мұнай және өзге де қазба байлықтарды игерумен қатар ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің көптеген саласы жақсы дамыған. Қазақстанның мәдениет пен өнер, спорт жетістіктеріне де қосып жатқан үлесі мол.**

**Әрбір аймақтың өз ерекшелігі бар десек, Батыс Қазақстан облысы бір ғана Ресей мемлекетінің бес облысымен шектесіп жатқанын алдымен атауға болады. Оны айтып отырған себебіміз, көрші жатқан елдер бір-бірінің ұлттық тіліне деген әсері қашан да жоғары болмақ. Сондықтан, қазақ тілінің кең қолданысқа түсуіне бұл фактордың да кері ықпалын ұмытуға болмайды. Дегенмен, аймақта мемлекеттік тілді дамытуға деген құлшыныс баршылық. Осы жерде облыстық және аудандық Тілдерді дамыту басқармаларының жұмысы айтарлықтай. Оның бір жылдық жұмысының қорытындысын цифрлармен тізбей-ақ, тек соңғы айларда ғана атқарылған нақты іс-шаралардың бірнешеуін ғана атап өтсек те жеткілікті. Сол арқылы көпұлтты облыстағы мемлекеттік және өңірді мекендеген өзге де ұлыстардың тіліне деген құрметтің жоғары екенін байқауға болады.**

### ТІЛДІК БАЙҚАУЛАР

Қазақ тілі дегенде данышпан Абайды айналып өтуге әсте болмайды, оны әрбір қазақ жақсы біледі. Елімізде Абай атындағы дәстүрлі көркемсөз оқулары жыл сайын өткізіліп тұрады. Оған барлық облыстарда мыңдаған талапкерлер қатысып өз шеберліктерін көрсетіп келеді.

Аталмыш аймақта 2019 жылдың 21 мамыр күні республикалық Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлері байқауының облыстық қорытынды кезеңі ұйымдастырылды. Тіл мерекесіне облыс аудандарынан және Орал қаласы бойынша ең үздік 13 үміткер қатысып, жастарымыз өз бақтарын сынады. Жастар деп айтуымыздың себебі, биылғы Абай оқуының ерекшелігі жастар жылы аясында ұйыдастырылып, қатысушылар 3 түрлі шарт бойынша сайысқа түсті.

1. Абайдың поэзиясы мен прозалық туындылары (қара сөздерінен) мәнерлеп жатқа оқу.

2. Қазақ әдебиетінің классиктері Бейімбет Майлиннің, Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына орай аталған қаламгерлердің шығармаларынан және қазақ әдебиетіндегі көрнекті прозалық шығармаларынан үзінді оқу.

3. Сәбит Дөнентаев, Ілияс Жансүгіровтың 125 жылдығына және Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына орай поэзиялық шығармаларынан үзінді оқу секілді бірқатар талаптар қойылды.

Бұл жолы да іс-шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар үлкен шеберлік көрсетті. Қазылар алқасы әрбір үміткердің өнерін барынша әділ бағалауға тырысты. Абай оқулары байқауының қорытындысы бойынша Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті Акниет Қайырғалиев бас жүлдені жеңіп алды. Бірінші орынды да осы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті Бақтыбай Нұрсұлтан иеленді.Екінші орынды Батыс Қазақстан индустриалды колледжінің студенті Нұрберген Асылбеков жеңіп алды.Екінші орынды сол сияқты М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті Дәулет Қуанышбайұлы бөлісті.Үш үшінші орынға – Жаңақала аудандық мектеп-гимназиясының педагог-психологы Айкөркем Мұханбетова, Теректі аудандық колледжінің студенті Қайрат Құбниязов, Орал ақпараттық технологиялық колледжінің студенті Меңсұлу Сәрсен көтерілді. Жеңімпаздар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен «Еуразия әлеуметтік-гуманитарлық зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Алаш арыстарының көсемі А.Байтұрсынұлы атындағы тілдерді оқыту орталықтары оқытушыларының арасындағы облыстық байқауын ұйымдастырды.

Байқау ересектерге мемлекеттік тілді оқытатын шығармашыл оқытушыларды анықтау, қолдау, оқытушылардың кәсіби-педагогикалық шығармашылығын шыңдау және мемлекеттік тілді оқыту үдерісін ілгерілету, оқытушылардың латын графикасына негізделген қазақ тілін оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерімен тәжірибе алмасу, латын графикасына негізделген қазақ тілін меңгертудің озық үлгісіндегі педагогикалық тәжірибелерді тарату бағытында ұйымдастырылды.

Байқаудың қорытындысы бойынша бірінші орынды «Бизнес Қауымдастық» ЖШС-нің қазақ тілі оқытушысы Баймулдина Индира, екінші орынды «C.L.A.S. Plus» оқыту орталығының қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Куанышева Гульфайруз, үшінші орынды Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Тілдерді дамыту орталығының» аға оқытушысы Аманғалиева Аккербез жеңіп алды.

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮЛГІ КӨРСЕТУГЕ МІНДЕТТІ

Сонымен бірге мамыр айында «Тіл шебері-2019» жас мемлекеттік қызметшілер арасында үш тілде білім беру идеясын насихаттау, үш тілді қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген жас мемлекеттік қызметшілерді анықтау және қолдау, тіл мәдениетін көтеру, үштілділікті насихаттау мақсатында облыстық байқауы өткізілді. Оған аудандардан, қаладан жергілікті мемлекеттік органдардың 21-30 жас аралығындағы мемлекеттік қызметшілері қатысты.Байқауға қатысушылар «Тұсаукесер» номинациясы бойынша тапсырылған тақырыптың мазмұнын қазақ тілінде мазмұндады. «Өнертаным» тақырыбында ағылшын тілінде өнер көрсетті.

«Ұлттаным» талабына орай белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Қазылар алқасының шешімі бойынша бірінші орынға Ақжайық ауданының Чапай ауылдық округі әкімінің орынбасары Ерболат Мұхтарұлы, екінші орынға БҚО мемлекеттік сатып алу басқармасының бас маманы Хайрбаева Ботагөз, үшінші орынға Сырым ауданының Жымпиты ауылдық округінің бас маманы Оразаева Ақмаржан, Казталов ауданы әкімі аппаратының бас маманы Аронов Ерлан ие болды. Байқауға қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды.



### БАҚ және МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БАЙЛАНЫСЫ

Қазақ тілін дамытуда бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны бөлек екені баршаға аян. Бұл бағытта ақпан айында Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен «Жайық Пресс» медиахолдингі өзара ынтамақтастық меморандумға қол қойғанын айта кетуіміз керек. Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру тапсырысы бойынша «Еуразия әлеуметтік-гуманитарлық зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігі Жайық Пресс ЖШС мәжіліс залында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауының марапаттау кезеңі де сәтті ұйымдастырылды. Бұл шараға облыс аудандарынан және Орал қаласы бойынша 13 үміткер қатысып, 23 материал келіп түсті. Қатысушылардың 2018 жылғы 11 маусым мен 2019 жылғы 15 мамыр аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген екі материалы, соның ішінде радио және телебағдарламалары, мемлекеттік тілдегі сайттардағы және мерзімдік баспасөздегі жарияланған мақалалары қабылданған болатын. Байқау «Үздік мақала», «Үздік телебағдарлама», «Үздік радиобағдарлама», «Үздік сайт мақаласы» сияқты төрт номинацияда өтті. «Үздік мақала» бойынша Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі Фазылова Меңдігүл, «Үздік телебағдарламада» – «ТДК-42» телеарнасының тілшісі Хамза Жандос, «Үздік радиобағдарлама» – «Қазақстан» РТРК БҚОФ, облыстық радио редакторы Төлепов Әділ, «Үздік сайт мақаласы» номинациясы бойынша «Жайық Пресс» медиахолдингі, Бас директорының бірінші орынбасары Мықтыбаев Нұрсұлтан жеңімпаз деп танылып, әр номинацияның үздіктері арнайы дипломмен және 100 мың теңге көлеміндегі бағалы сыйлықтармен марапатталды.

### ЖАСТАР – ҰЛТ ПЕН ТІЛ БОЛАШАҒЫ

Ұлт болашағы – жастар, тіл тағдыры да сол жастардың қолында десек артық айтқандық емес. Тіліміздің ғұмырының ұзақ болуы да сол жастарға тікелей байланысты. Бүгінгі күн талабына сай бір ғана тіл білу аздық етеді.Ғаламдану заманында бірнеше тіл білгендердің шоқтығы биік болып тұр. Осы орайда ағымдағы жылдың 16 мамыр күні дәстүрлі тіл фестивалі аясында, үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген да-

# ҒҰМЫРЫ ҰЗАҚ БОЛУҒА ТИІСТІ

рынды жастарға қолдау көрсету, қазақстандық патриотизмді нығайту, тілдік мәдениетті тәрбиелеу, өзге халықтардың тілі мен мәдениетін құрметтеуді қалыптастыру мақсатында «Тілдарын» облыстық олимпиадасы өтті. Олимпиадаға облыстың аудандарынан, жалпы орта білім беретін мектептерінің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары, студенттері, жас мамандары қатысты.

Олимпиада қатысушылары 4 кезеңнен тұратын тапсырмаларды орындады: экранда көрсетілген мәтіннің мазмұнын ашу (қазақ, орыс және ағылшын тілінде), мәтінге ілеспе аударма жасау, берілген тақырыпқа баспасөз мәслихатын жасау, тапсырылған тақырып бойынша эссе жазу.

Қазылар алқасының шешімі бойынша бірінші орынды Орал қаласының №35 мектеп лицейінің оқушысы Канатова Алима, екінші орынды Орал қаласының №35 мектеп лицейінің оқушысы Лабашкин Глеб, үшінші орынды Батыс Қазақстан индустриалды



колледжінің студенті Орынов Темирлан иеленді. Барлық қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды.

### ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНА ТАЛАП КҮШЕЙТІЛЕДІ

Бүгінгі күні телеарналарда, басылымдарда тіпті көше бойында жарнамалар жиі кездеседі. Нарықтық заман талабы болған соң одан бас тарта алмаймыз. Оған ешкім қарсы емес. Бірақ сол жарнамаларда, әсіресе қазақша жазбаларында түрлі қателер өріп жүретіні де жасырын емес. Ол туралы мерзімді басылымдар мен телеарналарда жиі айтылып та жүр. Осындай кемшіліктерді болдырмас үшін облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен кәсіпкерлер палатасы көрнекі ақпарат саласындағы ынтымақтастықты дамыту және өзара түсіністікке ықпал ету мақсатында ағымдағы жылдың 30 қаңтарында «Сауатты жарнама – тіл тазалығының көрінісі» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырды. Шара «SMART – мақсат» тренингісімен басталып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын аймақта жүзеге асыру, қолданыстағы заңнамаға сәйкес әдістемелік көмек көрсету, көрнекі ақпарат және жарнама саласындағы мәтін сауаттылығын сақтауда кең ауқымды әрекеттесу бойынша мәселелер талқыланды.

Семинар жұмысына Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ғабидолла Оспанқұлов, кәсіпкерлер палатасының директоры Ербол Иденов, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Айгүл Мыңбаева, қалалық әкімдік өкілдері, мәдениет және тілдерді дамыту мен сәулет және қала құрылысы бөлімінің мамандары, кәсіпкерлер және БАҚ өкілдері қатысты.

Семинар қызу пікір алмасу мен тың ұсыныстар айтылуымен ерекшеленді. Шара соңында облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен кәсіпкерлер палатасы өзара ынтымақтастық Меморандумына қол қойды.

### ЕРЕЖЕГЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР

Ағымдағы жылдың 10-11 маусым күндері ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің қолдауымен Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы және Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің базасында «Қазақстандағы жазу реформасы: мәселелері мен болашағы» атты дәріс пен семинар өтті.Шараның басты мақсаты – қазақ әліпбиі мен ережелерінің құрылымын, жаңалықтарын, емле нормаларының ғылыми негіздерін ересек аудиторияға оқыта алатын білгірлер дайындау. Семинар-тренинг барысында салалық мамандар, ғалымдар, дәріскерлер өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты.

Дәріс облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы А.Мыңбаеваның модераторлығымен өтіп, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ректоры А.Наметовтың алғы сөзімен ашылды. Шара барысында Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым-хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Мамырбек Гүлфар, аталған орталықтың Қолданбалы лингвистика басқармасының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты Итегулова Сая «Жаңа әліпбиді қабылдаудың негізгі алғышарттары», «Жаңа емленің жаңалықтары» тақырыбында дәріс оқыды.



Оқыту семинарға филолог мамандар, оқытушылар мен мұғалімдер, мемлекеттік қызметшілер мен БАҚ өкілдері қатысты. Дәріске 150-ден астам адам қатысып, екі күндік семинарда 60 тыңдаушы қамтылып, сертификаттар табысталды.

### ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ

Елімізде латын әліпбиіне көшу қызу қолдау тауып, оны іске асыру басталып та кетті. Бұл бағытта тіл мамандары мен ғалымдарымыз жұмыс істеп жатыр.Сол сияқты қатардағы қарапайым халық арасында түсіндіру және оны игеру іс шаралары да өткізіліп келеді. Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының 2 жылдығына орай және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы №27 өкімімен бекітілген «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын» іске асыру, латыннегізді қазақ тілі әліпбиінің, «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері» жобасының практикалық тұрғыда меңгерілуін жан-жақты қамту, нақтылай түсу, өзін-өзі бағалау, бейімделу мақсатында 2019 жылдың 12 сәуір күні жалпыхалықтық диктант өткізілді.

Диктант бір мезетте облыс бойынша барлық 12 аудан, қала, мемлекеттік мекемелерде, жоғары оқу орындарында, арнаулы орта, жалпы орта білім беру мекемелерінде, сағат 10:00-де басталып нәтижелі аяқталды. Аталған диктантқа 15 жастан жоғары тұрғындар қатысып, Батыс Қазақстан облысы бойынша латын графикасында жазылған диктантқа 10 мыңнан астам адам қамтылды.

### ОНОМАСТИКАҒА ОҢ КӨЗҚАРАС

Жасыратыны жоқ бізде осы бір салаға атүсті қарайтын кездер жиі кездеседі.Содан болар жер, су, елді мекен атауларына байланысты ақаулар көзге ұрып тұратыны бар. Оны жөнге келтіру осы ономастика саласының міндеті. Егемендік алған күннен бастап жер, су, елді мекендерге бұрынғы атаулары қайтарыла бастады. Кеңестік кезеңде орысшаланып кеткен олқылықтардың орны толтырылып, қазақша атаулар қалыптастырылуда. Бұл жерде онамастика саласында істейтін мамандардың сауаттылығы мен біліктілігі аса қажет.

Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының жоспарына сәйкес ономастика саласындағы қызмет ететін мамандардың бойына әдістемелік дағдыларды қалыптастыру, өз білімін жетілдіру қажеттіліктері мен кәсіби идеяларын шыңдау бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында «SCHOOL OF ONOMASTICS» оқылымы ұйымдастырылды.

Ономастика мектебінің жұмысына аудандық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінен ономастика саласындағы мамандар қатысты.

2 күндік оқыту барысында облыстық ономастикалық комиссияның мүшелері, жоғары оқу орындарының ғалымдары, БҚО Әділет департаментінің өкілі, облыстық «Қазақ тілі» қоғамы бірлестігінің төрағасы және басқарма мамандары Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын аймақта жүзеге асыру, қолданыстағы заңнамаға сәйкес әдістемелік көмек көрсету, ономастика саласындағы жұмыстарды жүргізу алгоритмі, көрнекі ақпарат және жарнама саласындағы мәтін сауаттылығын сақтауда кең ауқымды әрекеттесу бағытында теориялық және практикалық жұмыстар жүргізді.

### ӨЗГЕ ДЕ ТІЛДЕР ӨГЕЙСІМЕЙДІ

Ағымдағы жылдың 14 мамыр күні дәстүрлі тіл фестивалі аясында қазақ жастарының арасында орыс тілін үйренуге деген ынтасын арттыру және қолдау мақсатында облыстық «Ой - сана» байқауы өткізілді.

Аталған байқауға облыстың аудандарынан, жалпы орта білім беру мектептерінің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары, студенттері, мұғалімдері қатысты. Қатысушылар 3 кезеңнен тұратын сайысқа түсті. Атап айтқанда, ұсынылған тақырып бойынша ауызша тұсаукесер жасау, тестілік тапсырманы орындау, эссе жазу, орыс халық немесе заманауи әнін немесе заманауи театрландырылған орыс тілінде қойылым көрсету.Қазылар алқасының шешімі бойынша Бірінші орынға Орал қаласының №44 мектеп гимназиясының әлеуметтік педагогы Ескаирова Шынар, Екінші орынға Бәйтерек ауданының ЖОББМ-ның өзін өзі тану пәнінің мұғалімі Кәрімова Айдана, Казталовка ЖОББМ-ның педагог психологі Абузарова Гүлнұр, 3-орынға Бәйтерек ауданының ЖОББМ-ның өзін өзі тану пәнінің мұғалімі Жалелова Лунара, Ақжайық ауданының М.Әуезов ат. №2 ЖОББМ-нің 11 сынып оқушысы Супугалиева Рано, Орал ақпараттық коледжінің 1 курс студенті Уалиев Аян ие болды. Байқап отырғандарыңыздай, бұл Батыс аймақтағы небары екі-үш ай көлемінде тілімізге қатысты атқарылған іс-шаралардың бір парасы ғана.

Ұлттың басты ерекшелігін білдіретін тіл екені белгілі. Бүгінгі әлемдегі мемлекетаралық қарым-қатынастар жедел дамыған кезеңде төл тілімізді сақтап қалып, оны барынша дамыту өте күрделі іске айналып отыр. Өйткені халықаралық мәртебеге айналған ағылшын немесе ондаған жылдар күштеп телінген орыс тілдері ықпал етері сөзсіз. Ең бастысы, сол қарсы ықпалды жеңе білуіміз керек. Әрине, заман талабына орай халықаралық тілді меңгерген артықшылық етпейді. Дегенмен біз өз ана тілімізді алғашқы қатарға қоюға міндеттіміз. Бүгінгі әңгімемізге арқау болған Батыс Қазақстан аймағының іс-тәжірибесі көрсетіп отырғандай тілімізді кең қолданысқа енгізіп, оны қолдап-қорғай білу ісі тұрақты жалғасын таба береді деп сенеміз. Теңіз тамшыдан құралады демекші, осындай әрбір шағын іс-шараның үлкен іске қосар үлесі мол. Бұл әрбір аймақтың, әрбір азаматтың парызы. Ал парыз орындалуымен құнды екенін өздеріңіз де білесіздер. Сонда ғана тіліміздің тұғыры биік, ғұмыры ұзақ болмақшы.

**Бек МЫРЗАҒҰЛЫ**

**Әдебиеті дәуірлеген замананың адамдары едік.**
**Қызметтегі азамат құлқын сәріден күннің газет журналын парақтайтын.**
**Шопан етігі қонышында «Жұлдыз» журналы жүретін.**
**Ел ағасынан көктеп келе жатқан өндір жасқа дейін әдебиет әлеміне келіп қосылған жаңа есімді біліп алып, шығармасын іздей оқу – ешкім міндеттемей-ақ міндет, ешкім жүктемей-ақ парыз. Кітап оқу, баспасөз жаңалығын қалт жібермеу күнделікті салтымызға, сол арқылы ұлттық дәстүрімізге айналған.**
**Кейбір жазушылардың жазғаны бедел, кейбір жазушылардың айтқаны аңыз!**
**Әлгі салттың арқасында көзімізді тырнай ашқан сәттен атын естіп, жазған шығармасын оқып, айтқанына ден қойған жазушымыздың бірі – Садықбек Адамбеков!**

# Шоқауыз



**Құлбек ЕРГӨБЕК,**
**филология ғылымының докторы, профессор**

Мектеп қабырғасында жүрген кездің өзінде Садықбек Адамбековтің ірілі-ұсақты шығармаларына қанық едік. Ол жазған фельетон кейіпкеріне шығарылған үкімдей көрінетін. Фельетонын оқып шығысымен «Сабазың осымен қызметімен қоштасатын-ақ шығар» деп түйетінбіз. Әсіресе «Ара» журналынан Сәкеңнің өткір, уытты дүниелерін көбірек оқитынбыз. «Араға» жақындап, сатира жанрына жастай жан тартуымыздың бір сыры – немере ағам Көпен Әмірбектің сын-сықақ жанрына әуестенуіне, жаза жүріп «бала сатирик» атанып үлгеруіне де байланысты болуы керек. Туасы Ергөбектен тарайтын оншақты үй таңның атысы, күннің батысы бір-бірін әзіл-қалжыңмен іліп-қағып жүретін әзілкештер ауылы дерлік еді. Ауылда айтылатын әзіл-қалжыңды түзіп, ақ қазға ешбір қоспасыз түзіп кеп жіберсе юморлық жинақ шыға келерліктей. Ал, оны белгілі бір сатиралық кейіпкер бойына жинақтаса – Ярослав Гашек, Карл Чапек, Әзіз Несін, Оспанхан Әубәкіров шығармаларындай желілі туынды шыға келеріне күмән жоқ.

Өмірдегі осындай сайқымазақ ортаға өнердегі сатириктер келіп қосылған соң не болсын?! Сатиралық әдеби орта қалыптасты. Асқар Тоқмағамбетов, Садықбек Адамбеков, Қалтай Мұхамеджанов, Оспанхан Әубәкіров, Ғаббас Қабышұлы, Үмбетбай Уайдин шығармаларын екінің бірі жатқа айтар еді біздің ауыл азаматтарының! (Көпен осындай ортадан шыққан). Оспанханның Алматыдан арнайы келіп Әмірбек ағаның үйіне қона жатуы тіпті аңызға бергісіз.

Қып-қысқасы, біз Садықбек Адамбеков есіміне мектепте оқып жүрген бала кезден қанығa өстік. Садықбек аға туралы ұғымымызды алпысыншы жылдары жарық көрген «Атылған қыз туралы аңыз» аталатын роман-сатираның бірінші кітабы тіпті жаңалап кетті. Көпен бастап Төпен, Сапаш, Бақыт, Нұржан дегендей, бәріміз әлгі кітаптың түте-түтесін шығарып оқыдық. Пікір алмастық. Пікір жарыстырдық. «Өмірде болуы мүмкін», «Өмірде болуы мүмкін емес» – бозбала жастар пікірінің екі жарылған жері осы! Әдеби шарттылықпен шаруамыз болмаған сияқты.

Жетпісінші жылы ҚазМу-дің филология факультетіне оқуға түстім. Оған да себепкер – Көпен Әмірбек. Алматыда Көпекең әдеби ортамен недәуір араласып үлгеріпті. Бізді қолымыздан жетелеп оқуға түсірген Әнуарбек Дүйсембиев Көпенді құрдасындай қабатында ұстайды. Оспанхан Әубәкіров «аузына түкірген», Садықбекпен сұхбат құрады, Ермек (Өтетілеуов) – қамқор аға... Менде Көпекен арқылы осы ортаға сығылып қарап, сыналап кіре бастадым... Ермек ағаның үйіне қонамын деп таң атқанша бүргеге таландым. Неге екенін, үй иелерін бүрге шақпайды. «Бізді таниды» – деп қояды Тұрар жеңгем. Үйренгенше бүргеге талана берейін бе, ақырын жылыстап кетіп, өзі дархан, жары Рәбиға мейірбан – бала мінезді балалар ақыны, ғажайып адам Әнуарбек Дүйсенбиев үйіне көбірек үйірсектейтін әдет таптым. Сәуле, Зәуре қарындастарыма, Ержан, Нұржан інілеріме айналды. Жамбылмен домбыра қағысатын Сәндібала әже дайындайтын тәтті тамағы, Рәбиға жеңгемнің әрдайымғы ашық қабағы тіпті ғажап. «Сенен балалар әдебиеті сыншысын тәрбиелеп шығарамын» – деп Әнуар ағам әуре.

Осындай күннің бірінде Көпен мені Садықбек ағамен таныстырды.

– Інім.

– О, жақсы. Бірдеңе жаза ма?

– Жазады.

– Сен сияқты, мен сияқты сатира ма ындынын құртқан?

– Жоқ.

– Енді?

– Сын. Сыншы болады.

– Ә!..

Сәкең маған сынай қарап қойды.

– Әй, біздің ауылдың балалары жақсы бастап кейін тастап кетеді, – деді сосын.

Көз алдына бір образ елестеп өткендей жанары күлім қағып әңгіме сабақтады. Кесірткені білесіндер ғой. Бізде құмда жүретін кесіртке емес пе? Өзге өңірдің азаматтары қолына үлкен тор алады. Торға кішкене кесіртке отырғызады. Кішкене кесірткенің аузына жұқа көк шөп тістетеді. Алдына жем, су қояды. «О, бұл мықты ғой» – деп әспеттейді.

Ал, біздің Қызылдың құмынан кісі көрсе құлағы қыпқызыл болып қызара ысылдайтын, ысылдаған сайын денесі дірілдеп айбат шегетін келес кесіртке келеді. Алматы ғой бұл енді.

Күндер өтеді. Әлгілердің кесірткесі ысылдаған келеске айналады. Ал, біздің келес күтімсіз жаман кесірткеге айналады.

Ол жұмбақтай сөйлеп отырды.

– Әрине, оған бұл балалардың кінәсі жоқ. Біз ғой кінәлі. Елден келген талантты балаларға аға болып қол ұшін бере алмайтын, тәрбиелей алмайтын, – деді.

Түсінбедім.

Мен үшін жұмбақтау әңгіме еді. Оның үстіне осы бір бейтаныс та таныс адамды қайдан көргенімді есіме түсіре алмай өзіммен-өзім болып отырмын.

Бір кезде барып есіме түсті.

Қала автобусы. Гоголь көшесі бойымен келеміз. Шашын бір жағына қайырған ақсандай басатын ақсары кісі жап-жас жолаушы қызға төне сөйлеп тұр.

– Мен кино режиссерімін. Киноға түскің келе ме?

– Отыр. Отыр айналайын. Сенің отырғаның – менің отырғаным.

– Әкең бар ма? Шешең бар ма?

– А, күйеуің ше?

– Е, мен кино түсірем деп үйленбей қалған ағаңмын.

– Киноға түсуге қалайсың, а? Міне, таптым, таптым. Сол кісі – осы кісі!

Кезінде көкөрім (шамасы студент болса керек), қызға отырған жерінде өңкиіп үстіне түсердей болып сөйлеп тұрған недәуір ересек кісінің әрекетін ерсі көргем. Енді, сол кісі – Садықбек Адамбеков болып шыққанына таң қалдым. Күлкі қысты.

– Әй, Көпен, мынау інің жынды ма? Күлгені несі-ей? Жылайтын әңгіме айтып отырсам күледі-ей келіп.

Үндемедім. Көпен күлкіні одан әрман өрістетіп әкетті.

Бәріміз күлдік.

Қысқасы, біз ресторанға Садықбек ағаны «түсіру» үшін келген екенбіз. Зорлаған ешкім жоқ. Жалғызілікті жан Көпен Әмірбек, Бейсембай Сүлейменов секілді інілерін кейде осылай ресторанға шақырады екен. Мен тыңнан қосылып отырмын.

Іштік, жедік.

Сөз арасында Арыс қаласында бес жыл мектепте оқығанымды айтып едім, Сәкең тіпті жылы ұшырай түсті.

Әңгіме арасында Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиевты сілейткен өлеңдерін оқыды. Ол өлеңдерге қарап «Сәкеңнің бұл айтулы екі ақынмен жүзі жараспаған екен ғой» – деп ойлайсың.

Кейін білдім. Қимас достары екен.

Бір әңгіме есімде.

«Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет істеп жүрген уақыты болса керек. Сәкең журналист ретінде іс-сапарға шығады. Бас редактор Сырбай Мәуленов қаражат қомақтылау етіп белгілейді. Сәкең Қызылорда бағытына «Қазақстан» поезына билет алады.

Жол жүретін күн. Достары Сәкеңді жолға шығарып салмақ. Құрдастар өзара ақылдасып алған. «Сәлем» ресторанды. Ішімжемнен дастарқан майысады. Төлейтін – Сәкең. Қымбат арақшарап, қымбат тамақ. Басып-басып заказ беріледі.

Сәкеңнің іс-сапарға арнап алған қаражаты ресторанға төлеуге жетпесі белгілі болады.

Құрдастардың қалжыңы өзінің қалтасын қағу екенін Сәкең де түсінеді. «Қазір келемін. Сендер еркін ішіп-жеп отыра беріңдер» – деп тысқа сұранып шығып кетеді, Сәкең.

Достары – ресторанда!

Сәкең шыққан бойы такси жалдайды. Таксилетіп Жұбан досының үйіне келеді.

– Софья, Жұбан жұмсады. Тез-тез.

– Тыныштық па?

Орталық дүкеннен саған ғажап норка шубасын көріп, алайын десе ақшасы жетпей қалды. Кезекте тұр. Мені ақшаға жіберді. Бол. Бол енді. Шуба таусылып кетеді.

Софья жеңгей Садықбектей құрдасының қолына сомадай ақша ұстатады.

Таксилетіп Сырбай досының үйіне келеді. Олар Қызылордада бірге оқыған.

Софьяға айтқан өтірігін Гүлжамал құрдасына да қиналыңқырап айтады.

– Әй, Садықбек біздің Сырбай мен түгілі өзінің үстіне киім алмайтын еді ғой.

– Өзің білесің ғой. Ана Жұбан қатынының трусиіне дейін өзі сатып алады ғой. Сол Софьяға норка шуба алған соң Сырбайдың да намысы қозып, саған сыйлық жасағысы келіп... Қалтасында ақша жүре ме Сырбайдың. Гүлжамал, бол. Қай размер керегін қағазға жаз. Ақша шығар.

«Артистік» бұл номер де өтеді.

Таксилетіп Сәкең ресторанға жетеді.

Дуылдаса қызып отырған құрдастарына келіп ішім-жем үшін артығымен ақша төлеп, поезға мінеді. Үзеңгіге аяғын салып тұрып:

– Үйлеріңде сый күтіп тұр, тезірек қайтсаңдаршы! – дейтін көрінеді құрдастарына.

Қазақы қалжыңға пірі зор Сәкең осындай болатын.

Сәкең ресторанда қызқыршыңға қырындамай сабыр сақтап отырды.

Қиялы жан-жаққа алыпқашып отырған Көпен мен Бейсембай даяшыға қырындай сөйлеп қалып жатса Сәкеңнің шыр-пыры шығады:

– Даяшыға қалжындауға болмайды, антұрғандар-ау, – дейді Сәкең ондайда, – Олар сендердің әрбір қырындағандарыңа он сом қосып есептейді.

Ресторан дұрыс-ау.

Қолайсыздықтың көкесін Садықбек көкеміздің үйіне барғанда көрдік.





Қазіргі Қарасай батыр көшесінде шағын екі бөлмелі пәтерде тұратын ол тазалықты жақсы көреді екен. «Ана жерге отырма, мына жерге отыр», «Олай отырма, былай отыр» – деп есіңді шығарады. Оның үстіне алдына фартук байлап қазан-аяққа өзі кірісіп, тамақты өзі дайындағанда кісі қолайсыз күй кешеді екен.

«Әйелі қайда Сәкеңнің?» – деген сұрау көкейімнен кетпеді. Әйел исі сіңбеген пәтер жетім кейіпте. Көңілді әлдебір аяушылық буды. «Өзі классик... Жалғызбасты...» Кісінің басына бермесін.

«Қатыныңыз қайда?» – деп сұрау әдепсіздік. Көпен мен Бейсембайдың айтуына қарағанда, Сәкең күніне төсек жаңғыртады...

Кім білсін?!

Осы сұрауға жарым-жартылай жауапты кейін таптым. «Лениншіл жас» газетінде әдебиет және өнер бөлімінде қызмет істеген жылдары бірде Махфуза Байзақова есімді әртіс апай келді редакцияға! Айтулы ақиық ақын, айтыс өнерінің ақтанкері Иса Байзақовтың қызы екен. Көп жыл жастар театрында бірсыпыра роль ойнаған Махфуза Байзақова соңғы жылдары қолына калам алып, өнер жайлы ой-толғаныстарын қағаз бетіне түсіріп жүреді екен. Сол материалдарын жариялату үшін келген беті.

Міне, осы кісі Сәкеңнің жар қосағы, біздің жеңгеміз екен. Әттең, біраз бірге тұрып ажырасып кетіпті. Салихалы кісі еді, жарықтық. Шамасы, бар кінә біздің ағамыздан болар-ау...

Сәкең тұратын пәтердің есігі Алдаркөсенің жел кеулеген жыртық шапаны секілді. Пырым-пырым. Құлыбы көп ауыстырылған. Және бір байқағаным – Сәкең кілтін есікке салардан бұрын тың-тыңдап біраз тұрады. Сосын ақырын кілтті құлып көзіне сұғады.

– Ау, мұныңыз не? – деймін.

– Бала, дұшпаным көп, – дейді ол, – Байқамаса болмайды. Кезінде «Крокодил» журналының меншікті тілшісі болып істедім ғой. Ол кезде маған мылтық ұстауға рұқсат ететін. Адамдар мені өлтіру үшін келіп талай рет есігімді бұзған ғой...

Сәкең қай-қайдағыны қозғайды. «Ара» журналының өзі аз емес. Ал, ол кісі «Крокодил» журналының меншікті тілшісі. Қастандық жасалса, жасалған да шығар.

Сәкең отанында бірер рет болған соң жиі баруға зауқым соқпады. Өзі де қайдағы бір әпенді әңгімелер айтады. Жазғаны дана дерлік, қайталанбас сатириктің өмірі сұрқай, айтары баланың әңгімесі, ала-құла бірдеңелер.

Көшеде кездесіп қалса бұртиып өкпелеп, жер-жебіріңе жетіп ұрсып, мазаңды алады.

– Бір үйде бір өзім. Өліп қалсам қайтесіңдер? Сасып кетсем қайтесіңдер?

Сәкең бастырмалатады.

Біз желкемізді қасимыз.

Бірде Сырбай Мәуленовтің үйінде әңгімелесіп отырдық. Телефон шар ете түсті. Гүлжамал жеңгей Сырағанды телефонға шақырды.

– Әй, құнсыз, қалайсың? Тірімісің? – дейді гүрілдеп. – Арам өліп қалып жатқан жоқсың ба?

Әрине, телефон трубкасындағы жауап естілмейді бізге. Ол да есесін жібермейтін болса керек. Оны Сырағаң жауабынан аңғарарлық.

– Сенің Садықбек ағаң ғой, – дейді Сырағаң қайтып келіп, орнына жайғаса беріп.

– Апыр-ай, ауыр айттыңызау? – деймін.

– Е, ол да мені оңдырады дейсің бе. Бәрімізді елге масқаралап болды ағаң.

Сырағаң оқ тиген кеміс қолымен жағын сипап-сипап қойды. Сөйтті де Садықбек Адамбековтің өзі жайында мазақтап шығарған өлеңдерін оқи жөнелді.

Риясыз күледі.

Ол өлеңдер дәлме-дәл есімде сақталмапты. Алайда, ұзын нобайы былай келетін.

Бір жылы Сырағаң Оңтүстікті сапарлайды. Ел аралап, «Сарыағаш» шипажайында ем-дом алып, есін жияды.

Сүйікті ақынға Оңтүстік азаматтары машина мінгізеді.

Алматыға көңілді оралған Сырбай аға Садықбек досын іздейді. Тауып сөзбен қажайды.

Сенің ауылыңда болдым. Сенің атыңды айтсам, жан баласы білмейді. Ауылыңа бір түйір қадірің жоқ екен. Ал, мені сыйлап, машина мінгізді.

Мұндайда Садықбек аға қарап қалған ба?

Көтенінен теуіп, бір түнде,
Өзінің Торғай даласы.
Біздің Сырбай бұл күнде,
Оңтүстіктің асыранды баласы!.. – деп өлеңдете жөнеледі.

Бозбала шақтан қажасып бірге келе жатқан екі достың әзіл, қалжыңының беталысы осындай. Екеуі қимас дос еді. Сырағаң қайтыс болғанда еңкілдеп жылағанын көзіміз көрді.

Сен кетіп барасың,
Соңыңды қара орманға
көшіріп,
Мен кетіп барамын,
Өзім жаққан отты өзім
өшіріп! –

дегендей (жатқа келтірілген өлеңде дәлсіздік болса ғафу өтінемін) кісінің құйқа тамыры шымырлайтын шумақты айтқан да Садықбек!

Сәкеңнің ендігі бір қимас досы – Жұбан Молдағалиев. Жұбағаң жайында Сәкең шығарған шымшыма шумақтар сүйектен өтерлік. Алпыс жылдығына орден берілмей, мақтау грамотасымен марапаттағанына көңілі толмай қоңылтақсыған Садықбек:

Сафуанға орден тапсырып,
Маған мақтау қағаз жапсырып,
Жалғыз адал досым деп,
Құшақтайсың қапсырып.
Бұрынғы өткен заманда,
Сырбай – лапша аманда,
Айлы жаздың кешінде,
Алабұтаның ішінде,
Шпанаға қаратпай,
Бұралқы итке жалатпай,
Шыбыныңды қағып
отырған досыңа
Көрсеткенің осы ма? – деп те шымшыма өлең шығарған.

Сөйткен Жұбан аға Желтоқсан оқиғасында ерлік көрсетті. Қоғамға назырқанды. Наразылық соңы бүйрек ауруының асқынуына әкеліп соқты да, қапашылықпен көз жұмды. Сонда Садықбек табан астында тауып айтқан «Жұбан – Жұбан болып туып, Махамбет болып өлді» деген сөз бір демде қазақ жұртына тарап кеткен еді.

Садықбек аға драматургияда комедия жанрында, сатирада роман-сатирадан тартып әзіл әңгіме, фельетондарды аса көркем де, уытты жазғаны баршаға мәлім. Сонымен қатар алдындағы Ғабит Мүсірепов сынды ағаларына, Қалтай Мұхамеджанов секілді қанаттас құрбы-құрдастарына арнап тотияйындай ащы, мейлінше тапқыр өлеңдерді табан астында суырып салып, айтып жіберіп қарап тұрар еді.

Өзі айтар еді: «Отауыз», «Шоқауыз», «Боқауыз» аталатын үш циклды үш дәптерге түздім» деп. Өмірінің ақабалы сәтінде өзі туып өскен Арыс қаласына қоныс аударғаны белгілі. Арыс әкімі Әлімжан Құртаев кейін жазушы музейі болар деген оймен сәулеті келіскен бір үй бөліп те берген. Сондай-ақ, әлгіндей шата сөздері мен шатақ өлеңдерін, шымыр шумақтарын сол кезгі әкім орынбасары Тазагүл Байлароваға «жазып ала бер» – деп өтініш айтқан едім. Бірсыпыра материал жинақталса керек. Біразын мен де қойын кітапшама түсіріп отырдым.

Жоғарыда Сырбай, Жұбан, Қалтайға арнаған қалжың өлеңдерін алға тарттық. Олар – қазақ әдебиетінің классиктері. Садықбек аға да өз жанрында өміршең туындылар қалдырған классиктер санатында. Қазақ қаламгерлері өмірде қалжыңдаса жүріп, қатар жасаған, өнерде қатар тұра қалып жыр қашаған.

Жасында балалар үйінде өсіпті. Фельетонына кейіпкер етіп, әкесін алса керек. Кім білсін?

Жас шағында «Оңтүстік Қазақстан» газетінде журналист болып, қалам ісіне баулынды. Аталмыш газеттің көне тігінділерін ақтара парақтаған жан Сәкеңнің көптеген өлеңдеріне тап болады. Сәкең жасында жалындаған комсомол ақыны болған. Ақын жазған мәтіндерге аты, заты бар сазгерлер ән шығарып, ол жұртқа кең тараған кезінде. Кейін Алматыға ауысты. «Ара», «Крокодил» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарды. Кейін келе шығармашылық жұмыспен бірыңғай айналысты.

Сәкең сатиралық дүниелермен қатар тілі шұрайлы, оралымды очерктерді де көп жазған, көп жариялатқан қаламгер. Өзі тұрған пәтердің балконында бір қоңыр кітап шкафында тұратын, онда кітаптар, газеттер бір бұрышта үйіліп жатар еді. Бір барғанда «Кітаптарыма негізінен көркем дүниелерім кіреді, ал фельетон, көркем очерктер міне жатыр» – деп әлгі газет, журналдарды нұқыды.

Әрине, кітаптарға енген дүниелер сақталар. Тасқа басылған дүниелер табылар. Табылар да жанашырлар қамқорлығымен қайта басылар. Ал, әлгі газет, журналдарда басылған дүниелер Сәкең кейін елге қоныс аударып, үйі жөндеуге түскенде жоғалып кетіпті. Ешкім білмейді. Өкініші сол. Кім ыждағаттап жиып, кім ол очерк, фельетондарды кітапқа топтастырып, жарыққа шығара қояр?!

Ғылымға айналдырсақ деген оймен Садықбек Адамбековтің әдеби мұрасын кандидаттық диссертацияға тақырып ретінде Тұрсынай есімді қыз балаға ұсынғам. Сәкең марқұмның фотосуреттері, кейбір құжаттарын осы ізденуші қыз жинақтап қолына ұстап отыр. Оған да шүкіршілік!

Садықбек Адамбеков өмірінің ақырғы жылдарында Оңтүстікке қоныс аударды. Арыс қаласында тұрды. Қала әкімшілігі, немере інісі, ағайынтуыс дегендей қолдарынан келгенінше қаламгерді ардақтап бақты. Денсаулығына байланысты шығармашылық іспен дендеп айналыса алмады. Рас, бір роман жазды. Сүйегі – Желтоқсан оқиғасы.

Өзінің жетпіс жылдығына орай шығармаларын екі немесе үш кітапқа жинақтамақ еді. Сәті түспеді. Қатарларына бұйырған шығармалар жинағы Сәкеңе бұйырмады.

1999 жылдан мен де Оңтүстікке біржолата қоныс аудардым. Облыс әкімшілігінде басшылық қызмет атқарған жылдары Садықбек ағаны мәжілістерге шақырып тұрдық. Барып халін біліп жүрдік. Әсіресе, әдебиетке жақындау – облыс басшысы Сапарбаев Бердібек Сәкең қадір-қасиетіне жетіп, ұдайы сұрағыштап, сыртынан тапсырма беріп, қамқорлық жасаумен болды.

Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен 1996 жылы жазушылардың кезекті съезі болды. Насыр Фазылов бастаған өзбекстандық қонақтарды, Садықбек Адамбековті съезге алып барып қайту маған жүктелді. Ақсақалдарға шәй жасап, дастархан жаю үшін жарым – Баянды сапарға бірге ала жүрдім. Диктофонды дайындап үстел үстіне қойдым. Осы сапар Алматыға барғаннан, келгенше дегендей Сәкенді диктофонға сөйлетіп алдым. (Таспа менің архивімде сақтаулы.)

Алматыға келіп жеткен соң, қарт кісі, қонақүйде жағдайы бола қоймас деп, үйде күтуді ойладым. Ақсақал қарсы болды.

– Мені енді қанша жүреді деп отырсың. Қаламдастардың арасында болайын. Қолым калт етсе «Кеңсайға» барып, пайғамбар ағаларым, құрдас-құрбы жігіттер рухымен сырласып, қоштасайын. Енді мен Алматыға келмеспін. Рұқсат ет!

Сақалы шошайған бір шөкім шал соншалықты жайбарақат сөйлеп тұр. Алайда көзінде – мұң.

Жүрегім дір ете түсті.

Зират аралатып қайтуды ойладым. Тәуекелім бармады. Өзі де жалғыз барғанды хош көрді.

Кешке шаршап-шалдығып келіп тұр. Әбден болдырған.

Көңілінде бір ғана «ойға алғанымды орындадым-ау» деген медеу-ой!

Қайтып келеміз.

Түн.

Әлдене тықыр-тықыр етеді.

Ет желінген, шәй ішілген. Енді не тықыр?

Көмек керек болып қалар ма деген оймен төменге түстім. Сөйтсем, Сәкең стол үстіндегі арақты уысына құйып алып, денесін сылап отыр.

Іргелес жатқан қалжыңға жүйрік Насыр аға:

– Ағаңның мас емес жері қалмады... – дейді.

– Е, кішбұрыштар, сендер мұны ішесіңдер. Ал, мен к... ді жуамын! – дейді Сәкең жайбарақат.

– Ойбай, ағаң боғауыз сөз айтты. Анау жаман сөз! – дейді Насыр аға.

Міне, Алматыдан осылай әзіл-калжыңмен қайтқан едік.

Ұзамай Сәкең көз жұмды.

Ағайын-туғандарымен ақылдаса отырып Сәкең тәнін Түркістанға қоялық деп ұйғардық.

Қазақ сатирасының классигі Садықбек Адамбеков Түркістанда зиялылар мазаратында ескерткішке айналып, тас-тұғыр үстінде тұр. Ол айтқанда тауып айтатын, күйдіріп айтатын, әдеби ортаның өзін ықтырып жүретін шоқауыз қаламгер болатын.

Өз шырағымды өзім өшірдімау деген бірде өкінішпен Сәкең. Кім білсін? Ал, өнер шырағы өшпек емес... Талай жүректерді нұрландырып жасай береді. Айтқаны алмас қылыштай қиып түсер отауыз ақын үнемі біздің есімізде!

# КОНТРАСТЫ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА



**В январе 2019 г. на сайте Vouchercloud был опубликован рейтинг самых «умных стран». В нем были представлены списки стран по количеству лауреатов нобелевской премии, по показателю IQ, по успешно сданным школьным аналитическим тестам. В опубликованном Vouchercloud топе «умных стран» Казахстана нет. Однако на сайте с удивлением отметили: «По школьным тестам Россия представляет Европу на 6-ом месте, в то время как соседний Казахстан, доселе известный только Боратом, превзошел ожидания – 9-ое место самых умных школьников в мире. Может ли это быть началом появления новой интеллектуальной сверхдержавы?» (https://www.vouchercloud.com/resources/worlds-smartest-countries).**

### КОНТРАСТЫ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Феномен казахстанских вундеркиндов некоторые эксперты объяснили помощью ученикам со стороны учителей. Вполне возможно – в наших школах это распространенная практика, особенно при сдаче Единого национального тестирования (ЕНТ). По другим данным, большую долю детей, которые сдавали тестирование в 2015 г., составляли ученики «Назарбаев интеллектуальных школ» (НИШ). Из 5780 школьников 2061 детей были из НИШ.

А в американском журнале Diplomat вышла статья, в которой рассказывается о региональном неравенстве в школьном образовании нашей страны (https://thediplomat.com/2019/05/in-kazakhstan-regional-inequalities-undercut-overall-educational-progress/). Статья так и называется: «В Казахстане региональное неравенство подрывает общий прогресс в образовании». В 2016 г. школьники из Казахстана попали в десятку лучших по результатам в математике и естествознании рейтинга Trends in Mathematics and Science Study (TIMSS) наряду со сверстниками из таких стран, как Россия, Канада и Ирландия, далеко обогнав, к примеру, школьников из Великобритании, США и Австралии. В то же время Diplomat отмечает: «Согласно результатам Программы ОЭСР по оценке иностранных студентов (PISA), введенной в 2015 г., 15-летние дети на западе (в Атырауской, Мангистауской областях) и в Южно-Казахстанской области по сравнению со своими сверстниками в городе Алматы отстают как минимум на два года по математике и другим точным наукам. Половина 15-летних подростков в Атырауской области функционально неграмотны в науке, а более 50 процентов учащихся в Южно-Казахстанской и Мангистауской областях функционально неграмотны в чтении – они не прошли первый уровень сложности».



То есть международные тесты продемонстрировали не только региональное неравенство в казахстанском образовании, но и разделение по качеству образования на сельские и городские, обычные и элитные школы. В целом вышеуказанные данные свидетельствуют о заметных контрастах современного школьного образования. Ведь во многих городах тон задают не обычные общеобразовательные школы, а НИШ, БИЛ (Білім-инновация лицейі, Образовательно-инновационные лицеи, бывшие КТЛ), Республиканская физико-математическая школа (РФМШ), частные школы, школа «Пифагор», всевозможные центры подготовки к НИШ, БИЛ, РФМШ, ЕНТ и т.д. В такой ситуации сельские школы оказались в аутсайдерах.

Если допустить, что наши вундеркинды справедливо заняли 9-ое место среди самых умных школьников в мире, то надо ответить на вопрос: как при низком уровне школьного образования (из-за ЕНТ) наши школьники добились таких результатов?

Ответ напрашивается такой: в общих чертах уровень преподавания математики советского периода удалось сохранить, а также ввести удачные нововведения – школьный предмет математики ежегодно совершенствуется, усложняется, обновляется новыми упражнениями и логическими задачами, дополнительными пособиями по контрольным работам и подготовки к олимпиадам. Если раньше математические школы были представлены РФМШ, то теперь есть НИШ физико-математического направления, уделено большое внимание изучению математики в БИЛ, частных школах, открыта сеть математической школы «Пифагор» и т.д.

Не последнюю роль сыграла относительная «совместимость» математики для тестовых вопросов (в отличие от гуманитарных предметов). Недаром наши школьники в международных олимпиадах по математике показывают хорошие результаты. Преподавание математики, физики и др. предметов в специализированных школах на высоком уровне – в тех же НИШ, БИЛ, РФМШ, школе «Пифагор» и др. В НИШ к тому же не сдают ЕНТ, хотя проводятся разнообразные тестирования.

### «ДИСКРИМИНАЦИЯ» СЕЛЬСКИХ ШКОЛЬНИКОВ

У нас часто пишут о том, как наши школьники по разным международным рейтингам показывают высокие результаты. И это, действительно, так. Только такие показатели показывают отдельные школы отдельных городов.

Конечно, неравенство в школьном образовании было и в советское время, однако не было столь огромного различия в региональном образовании. Было и разделение по качеству образования на сельские и городские, обычные и спецшколы, но опять-таки не было «катастрофического» различия, как в наше время. Многие известные люди советского Казахстана – из сельской местности, получившие хорошее образование. Нынешняя ситуация контрастирует с советским временем, когда все граждане имели почти равные возможности в получении хорошего образования независимо от региона, города и села.

«Дискриминация» сельских школ проявляется даже при сдаче ЕНТ – нередко сельские ребята вынуждены сдавать его в районных центрах, расположенных далеко. И время, проведенное в дороге, не способствует лучшей сдаче тестирования – школьники должны вставать рано утром, в 5-6 часов, чтобы не опоздать на тестирование, не говоря об утомительной дороге. При этом сельские школы страдают от низкого качества образования, нехватки квалифицированных учителей, плохого состояния зданий, отсутствия интернета и т.д. Добавьте сюда платные отделения вузов, куда не смогут поступить многие сельские ребята. Конечно, есть шанс удачно сдать ЕНТ и выиграть грант, но большинство сельских школьников не смогут получить высшее платное образование из-за низких доходов сельчан по сравнению с городскими жителями.

Из-за отсутствия у нас комплексных исследований в области школьного образования перспектива его развития представляется смутной. Что говорить, если мы в этом вопросе ориентируемся на зарубежные исследования, а не на отечественные. Или у нас стараются не придавать огласке «секретные» факты в школьном образовании? Где исследования состояния школьного образования в сельской местности?

«Это неприемлемый результат для унитарного государства, которое стремится к качественному образованию для всех своих граждан. Основная проблема нынешней политики в этом вопросе заключается в ее фактическом отсутствии», – пишет Diplomat. Негативные последствия такого неравенства трудно переоценить, считает издание. Тот факт, что сотни тысяч казахстанских школьников не получают достаточно хорошего образования, чтобы успешно конкурировать на рынке труда в будущем, также нанесет ущерб национальной экономике.

По этой причине необходимо провести исследования причин региональной недостаточной успеваемости, внедрить программы развития человеческого капитала, адаптированные для каждого региона. Необходимо открыть государственные учебные заведения в райцентрах с научной базой, лабораториями, производством в неблагополучных районах для компенсации низкого социально-экономического положения семей и усиленно финансировать сельские школы.

Давно известная и в то же время не решаемая проблема – восстановление сельского хозяйства, подготовка кадров для села, создание соответствующих условий для молодых специалистов и т.д. Если у нас в сельской местности живут 47% населения, то в такой же пропорции следует распределять бюджетные деньги на подготовку специалистов для села, строительство социальных объектов и т.д.

Это и развитие социальной инфраструктуры села, строительство новых дорог, открытие СПТУ, ПТУ для подготовки кадров для села, где не осталось квалифицированных специалистов, рабочих, механизаторов, строителей, даже пастухи в дефиците – из-за безработицы и низких условий жизни в аулах молодежь массово перебирается в города.



### УСПЕВАЕМОСТЬ В РАЗРЕЗЕ ЯЗЫКОВ ОБУЧЕНИЯ

В контексте регионального неравенства вплывает вопрос, есть ли у нас исследования по уровню успеваемости в разрезе языков обучения? Ведь на западе и юге республики – в основном казахские школы.

Оказалось, участники, обучающиеся на русском языке, показали более успешное выполнение теста PISA-2015 функциональных компетенций в сравнении со сверстниками с казахским языком обучения. Разница в показателях составляет 50 баллов, а это разрыв более чем полтора года обучения.

И в направлении естествознание более успешно в читательских компетенциях 15-летние участники PISA-2015 с русским языком обучения. Разница в показателях составила 52 балла.

Различие результатов в разрезе языков обучения по математике меньше. Однако этот показатель остается все еще значимым (36 баллов) – разрыв составляет один год.

К этой картине есть дополнение: самые слабые вузы расположены в южных областях страны. Слабые выпускники школ поступают в слабые вузы?

Рейтинг 101 вуза страны по итогам 2018 г. был сделан специалистами АО «Центр развития трудовых ресурсов». За основу были взяты сведения о фактическом трудоустройстве выпускников, окончивших вуз в 2015-2017 гг.: уровень трудоустройства, стабильность работы, продолжительность поиска вакансии, отставание заработной платы выпускников определенных специальностей от опытных коллег.

Среди университетов, занявших последние строчки рейтинга, 8 вузов являются частными, 2 – государственными; они расположены в южных областях страны.

Это университет «Болашак» г. Кызылорда, Шымкентский университет, Южно-Казахстанский госуниверситет им. М. Ауэзова, Казахский медуниверситет им. Асфендиярова, Южно-Казахстанский гуманитарный институт им. М. Сапарбаева, Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Казахстанский инженерно-педагогический университет Дружбы Народов, Университет «Мирас», Международный гуманитарно-технический университет, Университет «Сырдарья».

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*



**30 лет исполнилось принятию Закона о придании казахскому языку статуса государственного языка. За это время выросло целое поколение. Срок больше, чем достаточный для того, чтобы казахский язык действительно стал государственным языком, т.е. языком повсеместного пользования. Но, увы, как говорится "воз и ныне там". Не только неказахи не овладели языком, но и казахи особого прогресса не достигли. Об этом рассуждает Zona.kz.**

# ПОЧЕМУ МЫ НЕ ЗАГОВОРИЛИ ПО-КАЗАХСКИ



По степени владения родного языка, казахов можно условно разделить на три группы: казахоязычные (говорящие в основном по-казахски), двуязычные (владеющие одинаково на казахском и русском языках) и русскоязычные (говорящие только по-русски). Следует отметить, что последние чувствуют себя дискомфортно в казахоязычной среде. Особенно это проявляется на различных официальных и неофициальных мероприятиях.

Тем не менее, русскоязычные казахи стараются восполнить свой пробел, отдавая своих детей в казахские детские сады и школы. В свою очередь, казахоязычные казахи время от времени, причем, весьма резонно, при различных обстоятельствах используют в качестве контраргумента незнание родного языка своих визави. Возможно, по этой причине, русскоязычные казахи в основном представлены в тех сферах, где в первую очередь требуются специальные знания, а не знание родного языка. Например, в финансовой и технической сфере.

Попытаемся ответить на вопрос: Почему мы все-таки не заговорили на казахском языке?

Для начала проведем маленький экскурс. Казахский язык как большинство восточных языков отличается тем, что глагол стоит всегда в конце предложения. Например, если мы по-русски говорим: «Я ищу Серика, который вчера занял у меня пять тысяч тенге», то по-казахски это звучит так: Мен кеше менен бес мың тенге қарыз алған Серікті іздеп жүрмін». Как видно, в предложении на русском языке глагол «ищу» идет сразу после подлежащего, а в казахском варианте глагол «іздеп жүрмін» стоит в конце.

Для большинства казахов, привыкших мыслить и говорить по-русски, данная грамматическая особенность является неким непривычным тормозящим элементом в овладении родным казахским языком (а для некоторых ставшим иностранным).

Для убедительности возьмите любую газету на казахском языке и прочтите несколько предложений. Например, в газетах на русском языке, с первых слов вы сразу поймете, что «вчера мажилис в первом чтении принял такой-то закон» и можете дальше не читать. В казахской газете, например, чтобы понять «принял ли мажилис закон в первом чтении» вы должны до конца дочитать предложение. Именно к этой особенности казахского языка трудно адаптироваться русскомыслящим и русскоговорящим казахам.

Еще одна важная деталь. Любой язык, казахский язык не исключение, словно живой организм развивается, используя неологизмы и принимая в себя слова из других языков. Это абсолютно объективный процесс, которому противостоять невозможно. В 90-ые годы во Франции попытались заменить все английские слова, в том числе в футболе, на французские. Но эта затея закончились полным фиаско.

Мы же в Казахстане пошли по такому же пути и провели тотальную ревизию лексикона казахского языка. Перевели все распространенные международные слова на казахский язык. Всемирно распространенное слово «процент» (от лат. «pro centum», что означает в переводе «сотая доля») заменили другим иностранным словом «пайыз». Быстро и без всякого объяснения вывели из нашего лексикона ставшими привычными и употребляемые во всем мире слова «кредит», «класс», «финансы», «транспорт», «юстиция» и вместо них ввели обязательное употребление «несие», «сынып», «қаржы», «көлік», «әділет».

Конечно, автор за использование исконно казахских слов, но почему нельзя их употреблять вместе или параллельно? А как заменить казахскими словами специфичные банковские термины «аваль», «авизо», «авуары», «аккредитив», «андеррайтинг», «аннуитет», «хеджирование», «фьючерсные сделки», «эскроу»...?

Спустимся с финансовых высот на землю и представим себе разговор двух водителей казахов. Любой казах сказал бы и скажет примерно так: «Кеше менің сменщигім сплошной линияны отіп, светофорға қарамай встречкага шықты. Әрине, гаишник оның правасын алып қойды. Енді тағы штраф төлеу керек» – «Вчера мой сменщик, не посмотрев на светофор, пересек сплошную линию и выехал на встречку. Конечно, гаишник забрал его права. Теперь еще штраф платить надо». Разумеется, данный пример далек от эпистолярного жанра, но он понятен и русскоязычному и казахоязычному казаху. Составление этого предложения на литературном казахском языке специально оставляю читателям.

Второй пример: по-казахски «позвонить» звучит так: «телефон соғу» или «қоңырау шалу». Но мы в большинстве в быту чаще используем искаженное «звандау» от русского слова «звонить». Вышесказанное подводит к выводу, что повсеместная замена давно употребляемых в казахском языке слов из русского и других языков привело к обратному результату. Казахи более или менее сносно говорившие на родном языке, вдруг одночасье стали не только не в состоянии изъясняться, но и не понимать то, что пишется в газетах и говорится по радио и телевидению.

Отчасти неэффективность казахского языка объясняется также тем, что при его внедрении применяются сугубо административный подход со всеми вытекающими последствиями. Как показывает практика, некоторые чиновники, ответственные за внедрение казахского языка, рассматривают свои функциональные обязательства, как банальную возможность присвоения государственных денег. Достаточно вспомнить случай с электронным словарем казахского языка, когда сам исполнитель и выделенные деньги просто исчезли.

Кроме того, складывается впечатление, что такая серьезная государственная задача по внедрению государственного языка возложена на людей, которые, может быть, хорошо владеют родным языком, но весьма далеки от такой науки, как языкознание. Нет единого методологического подхода в составлении словарей и разговорников казахского языка. Каждый автор трактует по своему, исходя из особенностей региона, выходцем которой он является.

Другой причиной отсутствия интереса к изучению казахского языка является то, что руководство страны не только не владеет в достаточной степени родным языком, но и общается между собой также на русском языке, о чем мы стали свидетелями благодаря их диалогам, выложенным в интернете. Показные заседания правительства, проводимые на казахском языке, больше похожи на пародию, чем на реальное желание своим примером показать свободное владение государственным языком. Причем, некоторые СМИ любое публичное заседание государственных органов на казахском языке ставят на первую полосу как какое-то грандиозное достижение.

Глядя на представителей высших эшелонов власти, вряд ли русскоязычные казахи будут стараться овладеть родным языком. Трудно также сказать, что после такого отношения самих казахов к своему языку у неказахского населения появится интерес к изучению казахского языка.

Существуют два обстоятельства для изучения чужого языка. Первое, когда из-за простого интереса самостоятельно сам изучаешь иностранный язык и идешь на курсы или поступаешь в институт иностранных языков. Второе, когда ситуация вокруг заставляет изучать неродной язык. Например, когда живя в другой языковой среде для элементарного выживания нужно учить язык страны, как это сделали наши бывшие граждане, выехавшие за границу. К сожалению, пока в Казахстане первое и второе отсутствуют.

Языковая ситуация, аналогичная в Казахстане, была в 19 веке в Венгрии, где знать говорила на немецком языке, а венгерский язык был уделом крестьян и слуг. Венграм удалось выправить ситуацию и в 1844 году венгерский язык из бытового уровня де-юре и де-факто стал государственным языком страны.

Пример Венгрии дает нам основание полагать, если государство реально озаботиться проблемами казахского языка, то тогда при совместных усилиях со стороны государства, общества и отдельных личностей мы все заговорим, наконец, на языке Абая.

Когда-то Майя Плисецкая на вопрос, что нужно сделать для похудения, ответила «Жрать надо меньше!» Перефразируя фразу знаменитой танцовщицы применительно к казахскому языку в Казахстане, хочется сказать: «Больше надо говорить на казахском!»




**Анатолий ЖАПАРОВ**

# АЭС В КАЗАХСТАНЕ НЕ ПОЯВИТСЯ – ЭКСПЕРТЫ



**В ближайшее время атомная станция не появится точно, сообщает 365info.kz. А возможно, и никогда. Проект этот рискованный и дорогостоящий.**
**Впервые про АЭС в Казахстане заговорили еще в 1997 году. С тех пор к этой теме периодически возвращаются, и каждый раз это приводит к оживленным спорам в обществе. И почему-то об этом каждый раз говорят как чуть ли не о свершившемся факте. Хотя дальше предложений дело пока не зашло и даже положительного ответа власти не дали.**
**И даже если вдруг дадут, впереди еще длинные переговоры. И еще неизвестно, увенчаются ли они успехом.**

### МЫ САМИ ЕЩЕ НЕ ЗНАЕМ, НУЖНА ЛИ НАМ АЭС?

Политолог Замир Каражанов подчеркнул, что мы до сих пор так и не определились, нужна ли АЭС или нет? Слишком много вопросов требуют ответов.
Замир Каражанов

– Вопрос стоит уже не первый год, и ответа на него пока нет. И даже если вдруг решим, что нужно, последует очень длинный и сложный переговорный процесс, – сказал он.

В первую очередь следует обращать внимание на безопасность. Каражанов утверждает, что строительство и эксплуатация АЭС несет определенный риск – что бы ни говорили защитники.

– Кстати, даже в «Росатоме» прекрасно это понимают, и сейчас у них диверсификация. Например, начинают предлагать ветряные электростанции. Это говорит о том, что рынок понемногу перестраивается и уходит от атомной энергетики в сторону «зеленой». В мире появляются новые технологии, в том числе и энергосбережения, – сказал эксперт.

### ДОРОГОЕ УДОВОЛЬСТВИЕ И РИСКОВАННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ

Экономический аспект тоже намного сложнее, чем может показаться обывателю. Договариваться сразу придется не только об условиях строительства, но и дальнейшего обслуживания. Включая компенсацию убытков, если вдруг случится ЧП. Мало того, автоматически тут же «включаются» и политические аспекты.

– По сути, мы на долгий срок «привяжемся» к тому, у кого закажем проект. Технологии у каждой страны свои, и они не взаимозаменяемы. Кто построит АЭС – тот и должен будет обслуживать все время, – заявил Каражанов.

И хотя в последний раз строить объект предложила Россия, далеко не факт, что в качестве партнера выберут ее. Нужно будет договариваться и об условиях оплаты. Например, когда РФ строила объекты (не обязательно атомной энергетики), в развивающихся странах приходилось даже открывать кредитную линию. Потому что средств, чтобы заплатить сразу, у этих стран не было. При этом нужна ли вообще нам атомная станция – для Каражанова вопрос открытый.

– Все-таки энергетический баланс у нас более-менее нормальный. Есть, конечно, энергозависимые южные регионы, но на севере мощная Экибастузская ГРЭС работает даже не на полную мощность. На малых реках строятся тоже электростанции, – перечислил он.

Кроме того, продолжают развиваться «зеленые» технологии, появились даже угольные теплоэлектростанции с «нулевым» выбросом.

– А в Казахстане очень большие запасы угля, который был и остается дешевым топливом. И это опять заставляет задуматься, стоит ли торопится с АЭС? – задается вопросом эксперт.

Кроме того, атомная электростанция потребует жесткого контроля. В частности, со стороны МАГАТЭ.

– Страна, которая хочет построить АЭС, должна присоединиться к международным договорам, которые регулируют обращение ядерных материалов и технологий. И нужно семь раз отмерить. Потому что АЭС – это дорогое удовольствие и рискованное предприятие. Последствия могут быть очень серьезными, мы видим по Фукусиме, – резюмировал Каражанов.

### НА ВСЕ ВОПРОСЫ ДОЛЖНЫ СНАЧАЛА ОТВЕТИТЬ ЭКСПЕРТЫ

Политолог Булат Султанов вкратце расписал процесс принятия решений по таким серьезным вопросам.

– Прежде всего, в таких проектах выясняется экономическая целесообразность. Нужно провести экономическую экспертизу, затем экологическую. А если есть возможность, нужно устроить еще и социологический опрос, – считает Султанов.

Уже после всех экспертиз правительство поручает МИДу провести переговоры с участием заинтересованных министерств. Согласование любого вопроса, особенно международных, это сложная многоэтапная работа, постоянно возникают подводные камни и спорные моменты. В таких случаях в поиске компромиссов как раз и проявляется талант дипломата.

К сожалению, иногда в процесс вмешиваются внерегиональные игроки, как их принято называть – третья сила. И они не хотели бы заключения соглашений, потому что это ударит по их интересам.

– Например, «Северный поток 2». Для Европы строительство этого газопровода выгодно, потому что газ будет дешевле. А США хотят поставлять сжиженный газ кораблями, что дороже. Включается политический элемент, – сказал Султанов.

### КОГДА РЕЧЬ ИДЕТ О ЗДОРОВЬЕ ЛЮДЕЙ – ТОРОПИТЬСЯ НЕЛЬЗЯ

Должна быть проведена экологическая экспертиза, потому что реакторы АЭС нуждаются в водяном охлаждении, и их нужно строить там, где есть большие запасы воды. Но у Казахстана нет избытка воды, что экологи тоже учтут. Так что без их заключения никаких решений принимать вообще нельзя.

– Мы находимся в такой географической зоне, что, может, нужно больше думать об использовании энергии солнца, ветра и так далее, – предположил Султанов.

Сейчас свои аргументы есть и у защитников, и у противников атомной энергетики, в том числе и со ссылкой на международный опыт. Например, у Китая уже 38 действующих реакторов, а к 2030 это число планируется довести до сотни. С другой стороны, в Германии решили закрыть все АЭС. По всей Европе набрало силу движение «зеленых», которые как раз тоже выступают против атомной энергетики.

– Когда речь идет о жизни и здоровье людей, какие-то сроки назначать нельзя. Пусть экологи скажут, сколько лет им нужно для экспертизы. Затем правительство скажет, сколько людей будет занято, откуда они будут брать материалы и кто вообще будет на этой стройке работать. Кто и как их будет обучать, сколько процентов это предприятие будет платить налогов в местный и республиканский бюджет и какова эффективность. Если ученые решат, что атомная энергия нужна, потому что солнечной, ветряной и традиционной недостаточно, тогда, может, стоит подумать, – сказал Султанов.

**Роман ИВАНОВ**

# КАЗАХСТАН НЕ ОБЪЯВЛЯЛ ТЕНДЕР НА СТРОИТЕЛЬСТВО АЭС, ЗАВЕРЯЮТ В «САМРУК-КАЗЫНА» И МИНЭНЕРГО

## Встреча с компаниями Южной Кореи имела ознакомительный характер.

**Управляющий директор фонда национального благосостояния «Самрук-Казына» Алмасадам Саткалиев встречался с представителями компаний из Южной Кореи, которые имеют опыт работы в секторе атомной энергетики, однако никаких тендеров на строительство АЭС в Казахстане объявлено не было, сообщил Vласти директор департамента по связям с общественностью фонда Сергей Куянов. Информацию об объявлении тендеров на строительство АЭС опровергают и в министерстве энергетики Казахстана.**

Недавно корейские СМИ сообщили, что компания из этой страны принимает участие в тендере на строительство АЭС в Казахстане. В материале агентства Yonhap утверждалось, что Korea Hydro & Nuclear Power Co. уже представила свое ценовое предложение Казахстану.

«Да, мы тоже читали этот материал в южнокорейском издании (о том, что объявлен тендер на строительство АЭС в Казахстане – V) и были крайне удивлены. Управляющий директор «Самрука» Алмасадам Саткалиев 3-4 июня действительно встречался с делегацией представителей южнокорейских компаний, имеющих опыт работы в секторе атомной энергетики. Однако эта встреча имела ознакомительный характер», – заявил Куянов.

Он отметил, что это «нормальный процесс при решении такой сложной задачи».

«На самом деле никаких тендеров на строительство атомной электростанции объявлено не было. В этом можно убедиться, изучив соответствующие разделы наших интернет ресурсов – они, как вы знаете, в открытом доступе», – подчеркнул он.

Куянов напомнил, что вопрос о перспективах строительства АЭС в Казахстане поднимается периодически, причиной чему является «растущий дефицит мощностей на юге».

«Это объективная проблема. Как вы знаете, обсуждаются разные варианты решения этой задачи. В «Самруке» сейчас изучают существующие ныне на рынке технологии, причем не только корейские. Есть решения от компаний из США, Российской Федерации, Франции, КНР. Еще раз повторю: никакого решения о строительстве АЭС и, соответственно, тендера нет. Встреча господина Саткалиева носила исключительно ознакомительный характер», – резюмировал глава департамента.

Официальный представитель министерства энергетики Нурлыбек Женисбек также заверил, что информация, ранее опубликованная в южнокорейских СМИ, не соответствует действительности.

«В настоящее время работы по разработке технико-экономического обоснования строительства АЭС в Казахстане не ведутся. Международный тендер на участие в проекте строительства АЭС в Казахстане не проводится. И не планируется. Решительно заявляем, что любые решения по развитию энергетического сектора будут приниматься только в строгом соответствии с законодательством Республики Казахстан с учетом мнения населения, о чем также заявил президент Касым-Жомарт Токаев на встрече с общественностью в городе Семей 26 апреля текущего года», – заявил Женисбек Vласти.

Вопрос строительства АЭС в Казахстане обсуждается несколько лет. Глава Минэнерго в последний раз комментировал потенциальное строительство 9 апреля. Тогда он сказал о том, что на сегодняшний день Казахстан находится «на этапе, когда была разработана часть ТЭО». «В соответствии с ним соответствующим компаниям пяти стран были разосланы письма: США, Франция, Корея, Китай и Россия. Чтобы они дали свои технико-экономические предложения по технологиям и по коммерческим и экономическим параметрам», – говорил Бозумбаев.

26 апреля в Семее президент Касым-Жомарт Токаев заявил, что АЭС не будет строиться «без учета мнения общественности».

**Тамара ВААЛЬ**

■ 28 MAÝSYM JÝRNALISTER KÚNI

**Сынаптай сырғып өтіп жатқан уақытқа дауа бар ма, белгілі фототілші Рахымбай Ханалымен алғаш танысқаныма да тура 46 жыл болған екен. Сол кездегі еліміздегі жалғыз университеттің (Қазақ мемлекеттік университеті) журналистика факультеті студенті атанған жылдар болатын. Ару Алматыға арман қуып келген жастарға одан артық бақыт болып па!..**



# ЖАЙСАҢНЫҢ жан шуағы

Студенттік кездің қызығын айтып тауыса алмайсыз. Содан да болар қызығы мол жылдардың көзді ашып жұмғанша өте шығатындығы. Бірге оқыған курстастарымыздың басым бөлігі қазір елге танымал тұлғаларға айналды. Ал, Рахымбайды білмейтін қазақ жоқ шығар деп ойлаймын. Сонау студенттік кезінен бастап газет жұмысына араласқан Рахаң «Қазақстан пионері» газетінен бастап (қазіргі «Ұлан») «Жас алаш», ең беделді деген, оқырмандардың сүйікті «Қазақ әдебиеті» газеттерінде де көп жылдар қызмет етті. Ол түсірген фотосуреттер Қазақстанның барлық басылымдарында, тіпті шетелдік газеттерде де жарияланатын.

Мына шұғыл жазылған шағын ғана жазбамда Рахымбайдың әуесқой композитор, музыкалық аспаптарда шебер ойнайтыны секілді өзге де бірқатар өнерін былай қойып, тек қана өзі бар ынтасымен айналысқан мамандығын шебер меңгергендігі туралы ғана ой қозғамақпын. Сурет демекші, жетпісінші жылдарда түрлі-түсті сурет өте сирек болатын. Сол ақ-қара түсті суреттің өзі қолға тие бермейтін-ді. Ол үшін арнайы фотоательеге барып түсіп, шыққанша бірнеше күн тосу керек болатын. Біздің бір артықшылығымыз – өзіміздің фототілшіміз күнделікті қасымызда жүргендігі еді. Студент кезімізде Рахымбай түсірген суреттер қазір сол кезде журналистика факультетінде оқыған жастардың барлығында сақталғанына сенімдімін, мәңгілік естелік болып қалды.

Өз кейіпкерінің мінезі мен келбетін ақын өлеңмен, жазушы көркем сөзбен жеткізсе, фотожурналист соның бәрін өзі түсірген бір ғана суреттегі қасқағым сәтке сиғызуға тиісті. Ең бастысы – өз кейіпкерінің көңіл-күйін, мінезі мен ерекшелігін тауып, көзді ашып жұмғанша қағып алу қиынның қиыны. Әрине, ол әркімнің қолынан келе бермесі белгілі. Рахымбайдың шеберлігі де сонда жатыр. Рахаңның кейіпкерлері балабақшадағы баладан бастап, ауылдағы шопан, кенші, құрылысшы, атақты ақын-жазушылар, әртіс, танымал саясаткер, тіпті, ғарышкерлерге дейін жалғасып кете береді. Оны атақты ақын Тұманбай Молдағалиевтің:

«Жылт еткен бір қуанышты
жібермей,
Шырылдайды,
аппараттан жыр өңкей.
Болашаққа барып
қалсақ дегендей,
Замандастар өтті алдыңнан
түгелдей...»

– деген Рахымбайға арналған өлеңінің мына бір шумағы анық жеткізіп тұр. Кейіпкерлердің жас шамасы, мамандығы, ұлты тағы басқа ерекшеліктері әртүрлі болғанмен солардың бәрімен тіл табысу аса маңызды. Ол жағынан мінезі жайсаң Рахаң ешбір қинала қоймайтын, кімді де болса жайлы мінезімен баурап ала қоятын.

«Жайсаңдармен жанасып,
Жақсылармен жарасып,
Жүреді алып-берісіп,
Беремін десе қолы ашық...
Жалғауы қиын үзікті,
Қисайту оңай түзікті...
Көңілсіз мына дүние
Рахымбаймен қызықты!-

деген екен ақын Қадыр Мырза Әли өзінің арнау өлеңінде. Бұл жыр жолдары Рахаңның өзін кейіпкерге айналдырып, оған берілген мінездемедей емес пе?!.





Отыз жылдай өзінің сүйікті мамандығымен айналысқан Рахаңның соңында мол мұра қалды. Оны еліміздің ширек ғасырлық шежіресі десек те болады. Кезінде түсірілген суреттер бүгін тарихи құндылықтарға айналды. Оның басым бөлігі әлі де жарық көріп үлгерген жоқ. Өкініштісі, сол суреттер таспа күйінде қаттаулы жатыр. Өмірлік жары Африза Айтбайқызының ұқыптылығы арқасында жоғалмаған, жеке мұрағатында сақтаулы тұр. Бүгінгі күн кешегіге ұқсамайды. Баяғыдай таспаға түсіріп, қағазға басып шығару келмеске кетті. Цифрлық технологияның келуімен, оны шығаратын ескі құрал-жабдықтар да қазір таптырмайды. Мол мұраны «тірілтіп» жарыққа шығару үшін қыруар қаржы қажеттігі өз алдына, қазіргі шеберлер ондай іске мойын бұрғысы да келмейді. Соның бәрін мына заманғы техникаға сай қайта шығарып, өзі қызмет еткен халқына қайтарса құба-құп болар еді. Сол кезде шежіреге тіл бітіп, өткен тарихымыз туралы сыр шертер еді ғой...

Бүгінгі өміріміздің ертеңгі күні тарихқа айналатынын жете білсек те, күнделікті күйбең тірлікпен жүріп соған мән бермейтініміз бар. Адам баласына берілген ғұмырдың қамшының сабындай тым қысқа екенін де еске алмаймыз-ау. Алда әлі де ұзақ, шексіз өмір күтіп тұрғандай бейқам жүретініміз-ді қайтерсіз. Аңқылдаған жайсаң мінезінен аумай өткен, күні-түні қолынан фотоаппараты бір түспей шапқылап жүретін Рахымбайды еске алғанда, ол көбіміз елей бермейтін осы бір заңдылықты жадында қатаң ұстаған ба деп қаласыз. Пешенесіне жазылған санаулы ғұмырын ұтымды пайдаланып, соңына мол мұра қалдыруды бұлжымас бағыт еткенін, соны іске асыруға үнемі асығып жүрген бе дерсіз.Тынымсыз еңбегімен ел құрметіне бөленіп қана қоймай, ол түсірген суреттер тұтас тарихи құнды дүниеге айналғанына бүгін көз жеткізіп отырмыз. Қазіргі және келешек ұрпақ үшін оның маңызы жылдар өткен сайын арта түсері де сөзсіз.



Ширек ғасырдан аса Рахаң түсірген сол суреттер шежіресі енді ғана шешіле сөйлей бастаған секілді. Газет бетінің көлемі көтермегендіктен Рахымбай түсірген, бұрындар ешқайда жарияланбаған сирек суреттердің бірнешеуін ғана оқырмандарға ұсынып отырмыз. Рахымбай Ханалы туралы да замандастары, бірге қызметтес болған қаламдас әріптестері бірқатар естеліктер жазып, жарыққа шығара бастады. Өзі түсірген, туған жердің тарихына айналған сан мыңдаған суреттері секілді, Рахаң туралы жазылар жылы лебіздер легі де толастамасына сенімдіміз...

**Зейнолла АБАЖАН**

**ӨМІРДЕРЕК**

*Рахымбай Ханалы 1951 жылдың 25 маусымында Оңтүстік Қазақстан облысының Жаңабазар елді мекенінде дүниеге келген. 1978 жылы Әл-Фараби атындағы (бұрынғы С.М.Киров атындағы) ұлттық университеттің журналистика факультетін бітірген. «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеттерінде 20 жылдан астам қызмет етті. 1985 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік студент-жастардың ХІІ фестивалінің лауреаты. 1989 жылы Үндістанда өткен жеке фотокөрмесі үлкен табысқа қол жеткізді. Қазақстан Журналистер одағының бірнеше дүркін лауреаты атанды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен екі рет марапатталған, «Тәуелсіздікке – 10 жыл» медалінің иегері. «Қазақ мәдениеті» (түрік тілінде), «Темірқазық», «Қазақстан комсомолы», «Қазақстан комсомолының фотодеректері», «Құтты қоныс», «Қазыбек шыққан шың», «Ақсу айшықтары» атты кітаптардың авторы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Құрметті азаматы. Өмірінің соңғы уақытына дейін халықаралық «Қазақстан-ZAMAN» газетінде бас директордың орынбасары, вице-президенті қызметін атқарды.*

# Ақын мен уақыт

Серік ҚИРАБАЕВ,
академик, ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

*(Соңы. Басы өткен сандарда)*

Әбділда осы жолдан тек «бораннан ықпайтын батырларды», кемеңгер ерлерді көруді армандайды, ол өз кейіпкері – адамның сырын, оның жан диалектикасын өмірдің тарихи-философиялық мазмұнымен, уақыт қызметімен ұштастыра ашады. Айтарын да өзі өткен тәжірибеге негіздеп, әлем тағдырына ие адамның атынан ұсынады.

Күллі әлемнің сан жетпейтін күндері,
Құшағыма бәрін құшақтауға көнер ем.
Бар жылуын достарыма берер ем,
Өйткені, біз тудық емес пе арналып,
Жасау үшін жарастықтың заңдарын?..

Осы «жарастықтың заңы» – ақынның мұрат-мақсаты. Төзімділікті сабырлылықты, құлқынды тежей білуді ол осы ұғымға сыйғыза айтады. Әлем тағдырына адамды жауапты сезініп, одан ұрпақты қырғыннан, апаттан сақтауды талап етеді. Ол адам бойындағы игі қасиеттерді – жігіттікті, ұлылықты, жолдастықты, намысқойлықты, ерлікті зор бағалайды.

Туған жер – Әбділда ақындығының қайнар бұлағы. Ақын «О, қайран жер» өлеңінде оның адам үшін жаралған қайырымдылығын жыр етеді, одан сарқылмайтын сабыр, жарқылдайтын от, теңіздей тереңдік, темірдей берендік алады. Ауырды да жерше көтереді. «Жер» өлеңінде адамзат тарихының ізін адам мен жердің байланысынан таниды. Табиғаттың өзіне ұқсас мінездер Әбділда үшін тым қымбат. Ол желден де, бораннан да, селден де адам көңілін тазартып, оның бойына қуат беретін күш көреді. Қысқы орманнан кіршіксіз көңілді таниды. Адамға керек жарықты, жылылықты түгелдей күннен алады. Ақынның көп өлеңдері осындай табиғат сырын терең түсінуден туған («Орыс орманынан әсер», «Құм туралы», «Жел», «Жасыл далам жатыр еді жайғасып», «Аспан еркі әрқашанда өзінде», т.б.)

Ақын поэзиясындағы өмірге құштарлық, зор шабыт ішкі сезім адалдығынан, ойдың биік тұрғысынан, даналық үлгі-өнегеден туады. Мұны ақын жалаң дидактикаға айналдырмайды. Халық тарихының бүгінгі өмірмен сабақтастығынан алады. Сондықтан да оның жырларында дәуір мен дәуірдің, ұрпақ пен ұрпақтың үзілмес байланысы аңғарылады.

Адамға адам қашық емес қашан да,
Біреулер бар туған мәңгі жасауға...

Сол себептен де оған он ғасырлық жолды аттап келген Қара Қыпшақ Қобыланды ең жақыны, қимасы боп көрінеді. «Қара көзі мөлдіреп, қызыл ерні үлбіреп» Құртқа елестейді. Жер дүниені кезіп, кең даладан өлмейтін жер таппаған Қорқыт атасының арманын оның қобызынан таниды. Сәкенді, Бейімбетті еске алса да, «шоқ асаған» Қасыммен бірге өткен күндер жайлы ойланса да, ақын ұрпақтар байланысының үзілмейтінін жыр етеді. Кеше өздері жырлаған заман сырын ендігі жас ақындардың үзбей жалғастырып келе жатқанына қуанады. Оларға ағалық тілек артады.

Айтсын енді Тұманбайлар асырып,
Мен тұрайын жырларына бас ұрып.
Тек айтсыншы, Әбділдадан асырып,
Қалмасыншы құдіреттерін жасырып.
Тек айтсыншы айғай сала ашынып,
Зәрелерін сұмдықтардың қашырып.
Қалмасыншы моншақтарша шашылып,
Аяқтардың астарында басылып

Бұл – өр дауысты азамат ақынның жас ұрпаққа үндеуі. Жас ұрпақпен бірге жасаған ол өзі де шеттеп қалмай, «Мен сонау кешеден келдім бүгінге, мен сонау ертеңмен де біргемін», – дейді.

Әбділда соңғы жылдары бірсыпыра сыншыл өлеңдер жазды. Оларда адам бойындағы өсек-аяң, арзан махаббат, жеңілтек сезім, дөрекі мінездер, жалған достық пен опасыздық сияқты қылықтар сыналады. Кейде «қазақшылық» мінездерін Абайша көріп, шенеуге тырысады. Ол тазалықты



мұрат тұтады, өмірді былғап жүргендерге ашына үн қатады. Жоғарыдағы өлеңінде Тұманбайларды «Сұмдықтың зәресін қашыратындай» ашына айтуға үгіттеуі де тегін емес. Жұртты «мансаптың бейнесіне қосып жүрген» шенқұмарлықты, барар жеріне «жүріп бармай, аунап баратын» жағымпаздықты шенейді. Бұл тақырыптас өлеңдердің де оқырманға айтар ойы, ғибраты мол. «Лас дүниеге қарсы күрес – өз тазалығыңды және күштілігіңді дәлелдеудің ең дұрыс жолы» деген Маяковский сөзін еске алсақ, Әбділданың да жалпы адамдық жақсы мұраттар үшін күресі ұнамсыздыққа қарсы күреспен ұласып жатқанын көреміз.

«Біреуді көкке ұшырып,
Біреуді төмен түсіріп,
Адамның қымбат орнына

Адам еместі ұсынып» жүргендер моралі – ақын ұғымына жат. Қоғам есебінен күн көруге құныққандарды, жатып ішер жалқауларды, алып сатар алаяқтарды, өсіріп жазып, жалған даңққа бөленіп үйренгендерді, қызметке тамыр-таныстықпен, туыстық жолмен қоюшылықты арамыздан аластау, оған тосқауыл қою бүкіл халықтық іске айналып отырғаны заман, уақыт талабынан туындайды. Ақын біздің қоғамымызда орын алған осындай ұнамсыздықтарға қарсы кезінде орынды және батыл үн қатты.

Кейінгі жылдар ішінде де Әбділда бірқатар поэмалар жазды. Олардың көбі монолог түрінде заман, адам, уақыт туралы ақын толғаныстарын көрсетуге арналады. «Ол» поэмасында адал махаббат сезімін жыр етсе, дәуір дарытқан жақсы мінез-құлықтар жырланады. Өмірді көп көрген, тәжірибесі мол адам есебінде ол кейінгі кезде өзінің ұлы замандастары, өмірде нақты болған адамдар туралы толғанысқа көбірек барып жүр. «Ақын», «Майра» поэмаларын эпикалық шығармалар үлгісінде жазса, «Ағалар туралы», «Художник Қастеев», «Күләш туралы этюдтар» – халқымыздың ардақты азаматтары Қ.Сәтбаев, М.Әуезов.Ә.Қастеев, К.Байсейітова туралы ақындық толғау жырлар.

Оның соңғы өлеңдерінде өмір сабағы, ғибрат мол. Жаны жас, ақын мінезді адамның сыры ойлы тәжірибемен ұштасып, кімге де болса, байсалды пікір ұсынады. Оның күрескерлігі де әлсіремеген. Қарттыққа бой алдырмай, өмір сағатының құлағын бұрап қойып, уақытпен табан тіресе, жырымен өмір күзетінде тұр.

Ерте тұрып сағатымды бұрадым,
Қалмасын деп шабандап.
Уақыт сені сыйламайды ешқашан
Тіреспесең табандап.
Жатарда да сағатымды бұрадым,
Жүрсінші деп тоқтамай,
Билемесең уақытты өзің, шырағым,
Тоқтауы оның тіпті оңай.
Тағы бүгін сағатымды бұрадым,
Бастырғалы ілгері.
Өлім барда күзетем де тұрамын,
Мезгілімнің күндерін, –
дейді ол.

Әбділданың ақындық стилі оның поэзиясының өмірмен араласуынан, шындықпен бетпе-бет келіп тілдесуінен туады. Сондықтан, ол өлеңді қарапайым сөйлеу тіліне жақындатып, ойындағысын еркін айтуға негіздейді. Одан біз ешбір бүкпесі мен қалтарысы жоқ адамның ағынан жарылып айтылған сырын, ішкі сезімінің арпалысын танимыз. Ол жарты жолда қалуды қаламайды, жеткізіп, ойындағысын тауысып айтуға тырысады. Сондықтан, кейде артық айтылған жолдар болар, бірақ кем айтылған ойлар кездеспейді.

Көп жасап, көп жазған, қазақ әдебиетінің соңғы алпыс жылының куәсі болып келе жатқан ақын творчествосы жайлы әр кезде жазылған мақалалар да, зерттеулер де аз емес. Оларда Әбділданың қазақ әдебиетінің қаз тұра бастаған кезінен бергі ұлттық тіл өнеріне қосқан үлесі зор бағаланып келеді. Мұндай татымды, ойлы еңбектердің қатарында М.Әуезовтің, М.Қаратаевтың, Е.Ысмайыловтың, М.Дүйсеновтің зерттеулері бар. Әсіресе, М.Қаратаев «Сыршыл ақын» атты мақаласында қазақ әдебиетінің саялы бағында әлі де бүршік жарып, өсіп тұрған «жуан түбірлі, қалың бұтақты» Әбділда ағашының тұрпатын әдемі суреттеген. «Ақынның «кәрілік» деп өзі айта беретін табиғи уайымының белгісі сықылды бірен-саран сарғайған жапырақтар мен сидиған бұтақтар көрем. Алайда, ағаш әлі мықты, құнарлы, балауса. Кәдімгі өзіміздің көп-көп қызығын көрген таныс ағаш, құнарлы ағаш. Оның рахат таптыратын саясы да, жегізер жемісі де әлі көп тәрізді», – деп жазған еді ол.

Бүгін біз сол ағаштың тамырын тереңге жіберіп, биіктігі көк тіреген бәйтерекке айналғанын көріп отырмыз. Жапырағын кең жайып, саясы шаршағанға пана, желдің, боранның, ыстық аптаптың өтінен қашқандарға ық, көлеңке болғанына тәнтіміз. Оның бауырындағы бұлақтан жан-жануарлар сусындап, рахат табуда. Бұтақтарына құс атаулы ұя салып, балапандарын өсіруде. Әбділданың байсалды, көреген даналықты бойына сыйғызған поэзиясы халық құрметіне бөленіп, оның рухани байлығын толтыруда. Ол үлкен қоғамдық күшке айналып, уақыттың, дәуірдің, адамның өзіне ықпал жасауда.

Ақынды осындай үлкен жолға жеткізген табыстың кілті, алдымен, оның еңбекшілдігінде, ізденістерінің жемістілігінде, оның өлеңдерінің шыншылдығы мен ойлы, сезімталдығында. Шыншылдық пен сезім байлығы, ойшылдық – оның өмір танудағы, адамды танып бағалаудағы үлкен байлығы. Қай заманда, қандай тақырыпты жырласа да, ақын осы жолдан тайған жоқ, жалған айтқан жоқ. Өлең әр күйде, әр жағдайда жазылады. Кейде оның төрт құбыласы тұтас болмай туады, бірдемесі жетпей жатады. Әбділда жырлары бәрі бір, соның өзінде де шыншыл, ойшыл, сыршыл. Осы қасиеттер ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкерінің жан дүниесінің тұтастығын, адалдығын, шыншылдығын туғызды. Ақын да оның кейіпкері де халқына сонысымен бағалы, қымбат.

Әбділда – өнімді еңбектің адамы. Ол лирикалық өлеңдер де, поэма да, драмалық, прозалық шығармалар, сын-мақалалар, зерттеулер де жазады. Соның бәрінде де ол – алдымен ақын, ал оның драмалық, прозалық еңбектерінің өзі – поэзия. Лирикалық сезім байлығы, монолог үлгісінің молдығы, өлеңге тән көтеріңкі леп, автор ойының басымдығы, ақындық пафос, бәрі де оның басқа жанрдағы шығармаларын поэзияға жақындата түседі. Алайда, бұл жағы біздің әдебиет зерттеуімізде жеткілікті ашылып көрсетілмей жүр. Әбділда творчествосының даралық сипатын, жаңашылдығын жан-жақты зерттеу – алдағы күннің міндеттерінің бірі. Ақын еңбегі – қазақ әдебиеті тарихының ең бір жарқын ойлы беттерін құрайды. Бүгін әдебиетіміздің табыстарын сөз еткенде, мұны еске алу артық емес деп білеміз.

■ QOǴAMDYQ UIYM

**«Кейде түсіме кіреді. Жазушылар одағының ғұмырындағы бір жылымық кезең еді. «Горный Гигантта» жазушыларға арналып Шығармашылық үй салынды. Кереметтей емес. Бірақ сонда Ғабит Мүсіреп жатып «Ұлпанды», «Жат қолынданы» жазды. Тахауи Ахтанов «Шырағың сөнбесінді» жазды. Мен «Қызыл жебенің» соңғы кітабы «Тамұқты» жаздым»...**
**Бұл – көрнекті қаламгер Шерхан Мұртазаның әріптес ағасы Тахауи Ахтанов туралы естелігінен үзінді.**

# ҚАЛАМГЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Қарап отырсақ, сол Шераған тұстас жазушылардың әңгімелері көбіне осынау Шығармашылық үйіне қатысты айтылар еді. Өйткені, олардың ғұмырларының бірталай бөлігі сонда өткенін байқаймыз. Осы үйде жыл он екі ай жатып сүйекті еңбектерін жазған, арасында бой жазған, тастаяқ ойнаған, өзара сырласқан, мұңдасқан... Шығармашылықтағы жетістіктеріне қуанып мақтанған, шаттанған...

Тағы бір ғажабы, мұнда Қазақ әдебиетінің іргетасын қалаған аға буын – алыптар шоғырымен қатар солардың ізін басқан орта буын және жастар етене араласқаны көрінеді. Яғни, қоғам дамуындағы аса маңызды үдеріс – ұрпақтар сабақтастығы сәтті жалғасқан. Сөйтіп бұлар қастерлі Ұлттық, мемлекеттік мүдде бағытында лайықты тер төккен. Және бүгін Қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алған дүниелердің дені сол тұстарда жазылғаны аңғарылады.

Бірақ, өкінішке қарай, Жазушылар одағы тоқсаныншы жылдардың басында осынау игіліктен жер қара күн жылыда айырылып қалғандай болғаны рас. Қоғамдық формация алмасып, бір кезең қатты абыратқан алағай-бұлағай тұста ықпалды орындар тартып алғандай болғаны жасырын емес. Алайда, одақ жетекшілігі сол үйді әупіріммен ұстап, ұзақ уақытқа шетелдік компанияларға жалға берді. Әйтсе де, ол үйден қаламгер қауымы мүлдем қол үзе де бастаған-ды.

Ал кешелері осы орынға қатысты «ақ түйенің қарыны жарылды» дейтіндей, жағымды жаңалық болды – Жазушылар одағының жаңа басшылығы көкейдегі түйткілді тарқатты: Шығармашылық үйі қайтадан ашылды!

Бұдан былай аталған шаңырақ жазушылармен қатар дертіне – дауа, жанына шипа іздеген немесе денсаулығын нығайтып демалатын көпшілікке әр түрлі қызмет көрсететін болды.

Шығармашылық орталықтың ашылу рәсіміне Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қабдеш Жұмаділов, Бексұлтан Нұржекеұлы сынды қабырғалы қаламгерлер мен журналистер, басқа да қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

– Іле Алатауының бөктерінде орналасқан «Әл-Фараби» емдеу-сауықтыру орталығы деніңізге саулық, дертіңізге шипа сыйлайды. Таза табиғат аясы сіз үшін таптырмас демалыс орны да. Біздің кәсіби мамандар келушілерге қалтқысыз қызмет көрсетуге дайын. Орталығымыздың қонақ үйінде мейрамхана, конференц-зал, ойын-сауық бөлімі және балалар алаңқайы да бар, – дейді шипажай қызметкерлері.

Біз осы өзгеріске орай танымал жазушы, белгілі бауыржантанушы Мамытбек Қалдыбайға хабарласқанымызда, қаламгер қатты қуанды.

– Иә, тамаша болған екен. Ғажап бір кезеңдер еді. Әйгілі Ғабендерден бастап, Тәкен Әлімқұлов, Өтежан Нұрғалиев, Қалихан Ысқақ, Сайын Мұратбеков, Әкім Тарази, Дүкенбай Досжанов, тағы да басқа ақын-жазушылардың әр жылдары сонда жатып сүйекті шығармаларын жазғаны есімізде. Сол жақсылық көзден бұл-бұл ұшқандай болып, біртүрлі көңіл қоңылтақсып жүруші еді. Енді сол игілікке қайта жеткізген жаңа басшылыққа ризамыз, ұзағынан сүйіндірсін, – деді.

*qazaquni.kz*




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Бір күні Қожекеңнің үйіне ұры түсіпті. Сөйтсе көршілері келіп жұбатудың орнына Қожекеңе ақыл айта бастапты:*
*– Қожеке үйіңе қақпа орнатпағансың, ұры сіздің үйіңізге түспегенде қайда түседі?*
*– Ең болмаса үйіңіздің есігіне құлып салатын уақытыңыз болған жоқ па, ашық тұрған есікке кім кіріп кім шықпайды?*
*– Белгі беретін бір итіңіз де жоқ. Иті жоқ үйге кіру де оңай....*
*Жан-жақтан жамырап, Қожекеңнің өзін кінәлап жатқан көршілеріне:*
*– Немене сонда ұрының түк кінәсі жоқ па? – деген екен.*

*****

*Оразадан кейін қалалық келін ауылдағы енесіне келіп, амандасып, құттықтаса, енесі қуып шығыпты.*
*Баласы келіп:*
*– Мама, не боп қалды, келінің далада жылап тұр? – десе, апамыз:*
*– Өзінен көрсін. Үйге кіріп келіп: "Амансыз ба, САЙТАНБАС" деді маған! – депті. Сөйтсе, баласы:*
*– Мама, ол сізге: С АЙТОМ ВАС!» деп құттықтағаны ғой, – деген екен.*

*****

*"Дәрігер: "үш ай өмірің қалды", деді. Мен: "бас дәрігердің туысқанымын!" деп едім, өмірімді алты айға созып берді. Ақ халатты абзал жандар, керемет адамдар!"*

*****

*Сондай еріншекпін. Мысалға, 19-арнаға қоюым керек болса, 1 мен 9 бір-бірінен алыс болғаны үшін 22-ге басам. Сосын, үш арна төмен түсе салам. Стратегия.*

*****

*– Бақыт дегенді қалай түсінесің?*
*– Бақыт деген ... і-і-і ... бақыт деп ... зарядкасы өлейін деп жатқан соткамның зарядчигін «жо-о-оқ!» деген айқаймен рәзеткіге тығып үлгеруді айтамын.*

*****

*Купеде немересімен бірге келген кемпір:*
*– Көкесі, сен тіл алмайтын, тамақ ішпейтін балаларға укол саласың ғой, иә? – деді.*
*– Қуасыз ба, әпше?! – деп едім, Шымкентке жеткенше ләм-мим деген жоқ.*

№22 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



# Қайсысы пайдалы: мал еті ме, балық еті ме?

**Бүгінде ет өнімдерін жеу бұрынғыдай пайдалы дейтіндер аз. Оған бірнеше себеп бар. Зерттеушілердің айтуынша, ет жүрекке зиян, метаболизмді бұзады және адамды ерте қартайтады. Ғалымдар қазір еттің орнына балық тағамдарын жеу абзалырақ екенін айтуда. Бірақ бұған қарсы шығушылар да бар. Олардың пікірінше, балықтың сапасы бұрынғыдай емес. Экожүйенің бұзылуынан, мұхиттың ластануынан балық етінде метил сынабы бар екен.**



Балықтың құрамында пайдалы майлар мен D дәрумені бар. Ал кәдімгі етте адамға қажетті темір бар. Сондықтан олардың қайсысын көбірек тұтыну адам ағзасына пайдалырақ болатынын талдап көрейік.

Дания техникалық университеті ғалымдары балық пен мал етінің барлық артықшылығы мен кемшіліктерін салыстыра отырып адамға балық етінен жасалған тағамдар пайдалы екенін дәлелдеп шыққан. Бірақ балық еті адамның жасынан қарай пайдалы болатынын естен шығармаған жөн.

Майлы балық, мысалы сельд, скумбрия жеу немесе майсыз балық пен майлы балықты араластырып тұтыну адам ағзасына өте пайдалы. Ал, тек, майсыз балық жесеңіз, оның пайдасы да аз болады. Себебі, майлы балық құрамында пайдалы омега-қышқылы жоғары.

Бастысы, тунец балығын жемеу керек. Оның құрамында омега-қышқылы аз, оның үстіне құрамында метил сынабы жоғары. Балық құрамынан табылған метил сынабы жүрек ауруларының туындауына себеп болып, ми мен жүйке жүйесінің дамуына кері әсерін тигізіп, когнитивті функциялардың төмендеуіне әкеледі. Әсіресе жүкті әйелдер тунец балығын жемеуі керек. Себебі тунец жүктіліктің дамуын баяулатады. Ал майлы балықтарды пайдалану керісінше жүкті әйелдерге пайдалы. Сол сияқты 50 жастан асқан ерлер де мал етінен гөрі балық етін жегені абзалырақ.

Адам денсаулығын жақсарту үшін еттен бас тартып аптасына 350 грамм балық етін жеген дұрыс. Мұндағы балықтың 200 граммы майлы балық болуы шарт. Сонымен бірге, ғалымдар балық етін пайдалану D дәрумені жетіспеушілігінен зардап шегетіндерді азаюына алып келетінін айтады.

Сонымен бірге зерттеу жүргізген ғалымдар: «Ешкімді вегетариан болуға шақырмаймыз» дейді. Өңделген ет орнына құс етін жеуге болады. Алайда мұндай өзгерістердің жалпы әсерін анықтау үшін жаңа зерттеу қажет.

*massaget.kz*

# СҮРІНБЕЙ ӨТКЕН МЫҢ СЫННАН

***Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Түркістан облысының әкімі, ақиық, ақылман Азамат Өмірзақ Естайұлы Шөкеев 55 жасқа келгенде шашылған жыр-шашу***

I

Уа, Өмеке!
Елу бес жасқа келдің.
Жасыңнан ақылды едің, асқақ едің.
Қатарың көшбасшы деп мойындаған
Хас батырдай қасқайып жол бастап едің.

Кеше
Періште едің, дана едің,
Деген жоқсың дана едім.
Ұлттың ұлы уызын,
Сәби шақтан дара емдің.

Бүгін
Сөз бастаған шешенсің,
Көш бастаған көсемсің,
Қабілетіңді мойындады дұшпан да,
Елің үшін жүре бергін есен шын!

II

Қостанайдың әкімі,
Астананың әкімі,
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі
Түркістан облысының әкімі
Өмірзақ Естайұлы Шөкеев –
Халқын сүйген, халық сүйген Азамат,
Бар қазақтың, барша ұлттың жақыны.
Қатарынан озып тұрған ақылы.
Жетіп жатыр баршаға.



Жүрегінің жылуы, жандүние жарқылы.
Министр де боп көрді,
«Самұрық-Қазынаны» да
Өз қолынан өткерді.
Үкіметті де басқарды,
Алды қиын асқарды!
Сөзі нақты, ісі мықты Шөкеевтен,
Талай мықты жасқанды.
Талай қиындықты бастан өткерген,
Қызықты да көп көрген.
Киелі Түркістанды отыр басқарып.
Сүрінбей өтіп өткелден.

III

Жарқыраған жақұтты,
Жанып сүйген жан-жары!
Перзенттері –
Нұрбала, Нұргүл, Нұрасыл –
Баға жетпес бақыты!

Елу бес жасында,
Дос, туыстар қасында,
Жарқылдаған жігіт ол.
Дейсің-ау, ол жасын ба?!

О, Өмеке, бауырым!
Көтердің жүктің ауырын
Енді қалған өмірде,
Болмасын жауын, дауылың.

Қуаныш келсе тасыма,
Қиындық келсе жасыма.
Жүзіңді бірге тойлайық,
Жас қосылсын жасыңа!

**Тілекші саған осы анық,**
**Бауырың – Сәбит ДОСАНОВ,**
**Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,**
**Халықаралық Шолохов атындағы**
**сыйлықтың лауреаты**
*Ақпан-маусым, 2019 жыл.*
*Алматы шаһары*

---

■ IS-SHARA

# ӨНЕРІМЕН
## *тәнті етті*

**Алматыдағы Абай атындағы Опера және балет театрында ҚР Тұңғыш Президенті қоры лауреаттарының концерті өте жоғары деңгейде өткізілді. «Жүректегі арманмен заңғарға самғайық» атты осынау ауқымды шара Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жариялаған Жастар жылына арналды.**



Салтанатты кеште әлемге танымал классикалық туындылар орындалды. Атап айтқанда, Джастин Гурвиц, Төлеген Мұхамеджанов, Джеймс Хорнер, Джо Хисаиши, Леонард Бернстайн, Әділжан Толықпаев, Әбілқайыр Жарасқан, Эдуард Артемьев, Ханс Циммер сынды есімі елге белгілі композиторлардың киноларындағы танымал саундтректері шырқалды.





Сонымен қатар, өнерпаздар «Ла-Ла Лэнд», «Троя», «Вестсайд оқиғасы», «Шиндлер тізімі», «Гладиатор», «Көшбасшы жолы» киноларындағы құлаққа жағымды әуендер де кеш шырайын одан әрі кіргізе түсті.

Абай атындағы опера және балет театрының сахнасында ең алғаш өнер көрсетіп отырған жас таланттарға ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, тенор Медет Чотабаев, пианист-концертмейстер Гаухар Тасбергенова, сыбызғышы Жібек Сапарғалиева, Қазақстанның алтын виолончелі Ермек Құрманаев, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, сопрано Бибігүл Жанұзақ, меццо-сопрано Татьяна Вицинская, «Астана Операның» бірінші скрипкашысы Қаламқас Жұмабаевалар қолдау көрсетті.

Шара аясында Ахмет Жұбанов атындағы мектеп-интернаттың хоры да тыңдарман қауымды өз өнерлерімен тамсандырды.

Осынау игі шаралар өз кезегінде жас өнерпаздардың талабын ұштауға септігін тигізіп қана қоймай, ән әлемінде жұлдыздарын жағатыны сөзсіз.

*qazaquni.kz*


**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

*«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 |
| 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |


«Қазақ үні» республикалық газетінің ұжымы бас редакторының орынбасары Зейнолла Абажановқа ағасы
**Қабыш**
**АБАЖАНҰЛЫНЫҢ**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.


**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Редакторлар кеңесінің төрағасы –**
**Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ**
**Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ**
**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**
**Бөлім редакторлары:**
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор – Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен–жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E–mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор – Дастан ЕЛДЕС**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(A) – материалдың жариялану ақысы төленген